Вузы Великобритании дают узкоспециализированное, «глубокое» образование. Все предметы будут так или иначе связаны с основной специальностью. В этом и кроется одна из особенностей поступления. Если в Штатах Вы можете выбрать специализацию в конце второго года обучения, то в британских вузах выбор нужно будет сделать еще на этапе поступления.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Университеты Великобритании лидируют в сфере естественных наук, особенно таких как инженерия, медицинская химия, биохимия, а также в образовании в области искусства и дизайна. А в США лучше получить образование в сфере финансов или развивать свой бизнес, потому что США – родина бизнес-образования. Ведущие вузы устраивают встречи с потенциальными инвесторами, бизнесменами, представителями мировых компаний [2, б.12].

Принято считать, что обучение в Великобритании в разы дешевле по сравнению с США (бакалаврские программы в университетах Великобритании, входящих в ТОП-10 в мире, как правило, стоят от \$40 000 в год, тогда как в американском Гарварде стоимость может достигать \$65 000). Однако в Великобритании, в отличие от США, в эту сумму не входит проживание, питание и учебные материалы, которые могут составить до 50% всей стоимости обучения. В итоге разница оказывается незначительной. Стоит также учитывать, что в Великобритании иностранные граждане чаще всего оплачивают полную стоимость обучения, тогда как в США есть обширные стипендиальные программы, которые могут снизить или полностью компенсировать ваши затраты на обучение, также американские вузы активно предоставляют образовательные кредиты. Кроме того, в таких вузах, как Гарвард, Йель и других, существуют стипендиальные программы для тех, кто не может оплатить обучение: если доход абитуриента или его родителей меньше \$75 000 в год, такие вузы оплачивают 100% обучения [3].

Почему я выбрал эту тему?

В рейтинге лучших стран для образования US News & World Report Казахстан занял 71-е место из 78. Лидерами рейтинга, по мнению экспертов, стали США, Великобритания и Германия. Самая слабая позиция – у Гватемалы. Среди стран СНГ, участвующих в рейтинге, Казахстан обогнал только Узбекистан. Лучшие позиции, чем у РК, оказались у России, Украины, Беларуси и Азербайджана [41].

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев обращает большое внимание на наше образование. Все думают, что виновата государство что «не делают условия для образование в нашей стране». То все ошибаются, наша молодежь привыкла то, что все подается на блюдечке, каждый из вас молодые люди должны сделать все возможное для улучшения жизни у нас стране. Мы и есть свое будущее, а что бы было будущее нужно образования как минимум как у этих стран которое я только что сравнил и дал аргументы. Если они смогли, то и мы сможем. Хочу закончить господа родители просьба, никогда не экономьте на образовании Ваших же детей.

Я хочу сказать, что инвестиции в Ваше образование принесут Вам прибыль в двойне больше, чем Вы на нее потратили.

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1 Оксана П. Системы образования различных стран [Электронный ресурс], - 2022. URL: <https://www.ef.com/kz/blog/language/the-main-differences-between-the-education-system-of-the-united-states-and-the-united-kingdom/> (дата обращения 10.09.2022)

2 Бек Темир Образование в США. Мой путь, издательское 2018. 10-15с.

3 Система высшего образования в Великобритании стран [Электронный ресурс], -2022. URL: <http://www.directtalk.ru/article/sravniyaem-sistemu-vysshego-obrazovaniya-v-velikobritanii-i-ssha>-(дата обращения 12.09.2022)

4 Какое место занял Казахстан в рейтинге лучших стран для образования [Электронный ресурс], -2022. URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/kakoe-mesto-zanyal-kazakhstan-v-rejtinge-luchshih-stran-dlya-obrazovaniya>

## **COMPARISON OF US AND UK EDUCATION. CONCLUSION FOR US**

*This article discusses the issue of leading states in the field of education, and a short conclusion for our country.*

*Education is the development of a complete aspect for a person. There is no future without education, people are always learning and will continue to learn. As Mayakovsky said, "study, study and study."*

*Key words: humanities, natural sciences, bachelor's degree, education, dollar.*

### **Д.С. АБИШЕВА**

*Институт Сорбонна – Казахстан при Казахском национальном педагогическом университете, студент 3-курса  
e-mail: satpaihanovna@gmail.com*

### **научный руководитель – Ш.А.САБИТОВА**

*Институт Сорбонна – Казахстан при Казахском национальном педагогическом университете,  
д.ф.н., ассоц. профессор кафедры Международного права  
e-mail: sabitova.shinara@mail.ru*

## **ЧАСТНАЯ ДЕТЕКТИВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В УГОЛОВНОМ ПРАВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*В настоящей статье дан обзор существующему положению института частной детективной деятельности в Республике Казахстан. Проанализирована сущность данного института, выявлены его положительные стороны, рассмотрен положительный опыт соседних стран. На основе исследуемых материалов обобщен вывод о необходимости внедрения частного детектива в уголовный процесс.*

*Ключевые слова: институт частной детективной деятельности, расследование уголовных правонарушений, принцип состязательности, участие сторон в доказывании.*

В настоящее время институт частного сыска в Республике Казахстан находится в подвешенном состоянии. С одной стороны, сыскная деятельность частного характера не запрещена, а с другой же стороны, она законодательно не конкретизирована. Такое состояние института приводит к тому, что на практике его применяют совершенно по-разному, ввиду отсутствия единообразного понимания. Но, в тоже время, актуальность настоящего института не вызывает сомнений, так как любой процесс необходимо должен развиваться в своей сущности, в этом плане уголовное судопроизводство не является исключением. Институт частной детективной деятельности, по нашему усмотрению, является именно развитием уголовного судопроизводства, что мы попробуем доказать в последующем изложении.

Конституция Республики Казахстан в статье 13 устанавливает право каждого защищать свои права и свободы любыми способами и средствами, не противоречащие закону [1]. Опираясь на положения данной статьи, можно сказать, что участники уголовного судопроизводства также могут защищать свои интересы всеми способами, не запрещенные законом. Так, в Уголовно-процессуальном кодексе РК за рядом участников процесса признается право собирать и предоставлять предметы, сведения, документы и иные данные, относимые к разбираемому делу, то есть полноценно участвовать в процессе доказывания (пп.10, п.9, ст.64; пп.12, п.2, ст.65-1; пп.2, п.2, ст.70; пп.3, п.6, ст.71; пп.2 и 4, п.2, ст.73; пп.5, п.2, ст.74; ст.410 и т.д. [2]). При чем законом не установлены конкретные способы и

***БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ***

средства доказывания, а значит, допущенные к процессу доказывания участники могут пользоваться всеми не запрещенными методами сбора необходимой информации, в том числе путем найма каких-либо специалистов.

Сразу стоит оговориться, что указанные в п.3, ст.122 УПК РК способы сбора информации относятся лишь к защитнику и представителю потерпевшего, то есть данная статья регламентирует права адвокатов в процессе доказывания, остальных же участников процесса статья ничем не ограничивает.

Обращаясь же к Предпринимательскому кодексу, а именно к ст.5, мы видим, что законодательно гарантирована свобода предпринимательства, которая устанавливает право каждого на осуществление любого вида предпринимательской деятельности, не запрещенной законами РК [3]. Настоящий кодекс в п.1, ст.2 выделяет следующие признаки предпринимательства: стремление к прибыли, самостоятельность и инициативность. Стремление к прибыли, то есть направленность исключительно на доходность деятельности, является основополагающим признаком предпринимательства. Самостоятельность и инициативность определяют предпринимательство как деятельность индивидуального характера, то есть она основана исключительно на свободном волеизъявлении предпринимателей, которые осознанно идут на риски, сопряженные с такой деятельностью, и отвечают по всем обязательствам самостоятельно. Если же мы спроецируем частного детектива на вышеописанное, то увидим абсолютное совпадение по всем указанным признакам: частный детектив самостоятельно изъявляет желание оказывать услуги сыскного характера на возмездной основе, тем самым отвечая по закону от своего имени, за свой риск и личную имущественную ответственность. Это предположение подтверждается также Национальным классификатором занятий РК от 11 мая 2017 года, который относит частную детективную деятельность к предпринимательству, а именно к занятиям по охране граждан и собственности [4]. Таким образом, мы вывели, что частный детектив, в первую очередь, является предпринимателем, а значит, его деятельность законна и опирается на Предпринимательский кодекс РК.

Исходя из изложенного, мы приходим к выводу, что участники судопроизводства, имеющие право любыми законными методами собирать сведения для приобщения их к материалам дела, имеют право нанять для такого сбора частного детектива, который оказывает сыскные услуги на основе предпринимательской деятельности. То есть законодательно установлено право косвенного участия частного детектива в процессе доказывания.

Но, несмотря на кажущуюся реализацию рассматриваемого института, он всё же всецело не урегулирован, что и требует соответствующего решения. Так, например, неопределенная позиция частного детектива зачастую приводит к тому, что в каждом отдельном деле неизвестно что ему разрешено, а что запрещено, что в отдельных случаях приводит к полному игнорированию института частного детективной деятельности и тех средств и методов, какими он оснащен. Именно поэтому для правильного функционирования имеющихся общественных отношений необходимо их законодательное урегулирование, тем более, когда урегулирования требуют отношения, связанные с судопроизводством. Но, к сожалению, на сегодняшний день мы имеем лишь ряд попыток такого урегулирования (законопроект от 2006 года [5], законопроект от 2013 года [6]), ни один из которых не увенчался успехом.

Рассмотрев правовую регламентацию исследуемого института, следует задаться вопросом: «А необходим ли такой институт в нашем обществе вообще?». Чтобы ответить на этот вопрос, следует узнать, существует ли проблемы, решить которые отчасти способен данный институт.



Во-первых, следует понимать, что институт частной сыскной деятельности позволит относительно уравнивать стороны уголовного судопроизводства в их состязательности, то есть данный институт, в первую очередь, является реализацией прав участников процесса на защиту их собственных интересов. В самом деле, если мы обратимся к законодательству, то обнаружим, что законодательно предусмотрено, что адвокат в процессе доказывания имеет право проводить опрос, истребовать сведения с организаций и проводить иные сыскные мероприятия. Однако, насколько рационально ожидать от адвоката успешной реализации подобных сыскных мероприятий? Ведь очевидно, что не всякий адвокат способен правильно проводить опрос или же просто искать необходимую информацию. Отсюда вытекает явная необходимость в конкретном специалисте сыскного характера, который и позволит сторонам всецело реализовать право на защиту в процессе уголовного судопроизводства.

Во-вторых, совершенно понятно, что любая помощь в расследовании никогда лишней не будет, особенно тогда, когда в результатах расследований кроются явные проблемы. Так, для установления проблематики, обратимся к итоговой статистике зарегистрированных уголовных правонарушений за весь 2020-й год. Согласно данному отчету, всего было зарегистрировано 193 678 правонарушений, из них расследование прекращено по 67 536 делам, ввиду неустановления лица, совершившего правонарушение, это 34,87% из всего числа уголовных правонарушений. 62 141 нераскрытых правонарушений направлены против собственности, из которых абсолютное большинство составляют кражи (40 524) [7].

Очевидно, проблема существует, но, решит ли эту проблему частный детектив? По нашему мнению, если частный детектив и не решит проблему, то, по крайней мере, окажет огромную помощь в её решении. Так как частный детектив по своей сущности фокусируется на делах, подобных кражам, и, зачастую, преуспевает в них. Это объясняется природой деятельности частного детектива, который может позволить себе всецело сфокусироваться на одном конкретном деле, что непозволительно должностным лицам, которые порой рассматривают десятки уголовных дел одновременно. В этой связи, во многих отношениях деятельность частного детектива может принести огромную пользу для расследования тех или иных дел. Для полной картины разберем пару основных действий, которые в руках опытного частного детектива позволят разрешить дело не постановлением о прекращении, а приговором:

1) Допрос, опрос – является базовыми следственными мероприятиями, направленные на сбор информации по делу. Однако, зачастую, должностное лицо не всегда способно извлечь всю выгоду из данных мероприятий, что обуславливается огромным рядом причин, к которым можно отнести: волнение отдельных лиц перед представителями власти, чрезмерная занятость, допущение ошибок и т.д. Для наглядности, приведем пару примеров таких причин. Известно, что любое некорректное поведение допрашивающего может крайне негативно сказаться на итогах всего допроса. Например, следователь, который с чрезмерной агрессией выскажется в сторону допрашиваемого, рискует подвергнуть всё мероприятие провалу, так как не всякий человек может стойко выносить внешние раздражители, а потому тот или иной допрашиваемый может просто замкнуться в себе и отвечать на задаваемые вопросы наспех, лишь бы поскорее окончить неприятное для него мероприятие. Надо ли говорить, что такой допрос ни к чему не приведет. В качестве другого примера, можно привести тот факт, что почти каждое должностное лицо имеет в своем производстве несколько дел, мероприятия по которым то и дело перекликаются между собой и путаются. Никто не застрахован от ошибок, но, человек, работающий в подобном бешеном темпе, почти гарантирует в своей

деятельности ошибки. А чрезмерная перегруженность не позволяет сфокусироваться на отдельных сторонах дела, что также негативно сказывается на расследовании.

В то время как частный детектив, будучи лицом частным, а главное могущим уделять куда больше времени и средств для отдельных вопросов дела, способен осуществлять подобные базовые и простые, по своей сущности, мероприятия на более качественном уровне. Например, взять хоть бы обстановку допроса: как-бы то ни было, но в сознании многих людей слово «допрос» вызывает негативные эмоции, а в фантазиях вырисовываются мрачные кабинеты с суровым следователем, хоть это и не соответствует действительности, но в сознаниях отдельных людей всё это мероприятие априори обретает негативный окрас. В то время как частный детектив может провести опрос в более упрощенной и комфортной обстановке для опрашиваемого, что позволит последнему сфокусироваться на запечатленных в памяти событиях, и, соответственно, дать более вразумительные ответы на задаваемые вопросы.

2) Осмотр – является важнейшим сыскным мероприятием, чья суть заключается в визуальном наблюдении объектов. Да, частные лица, не имея какого-либо разрешения на фиксацию каких-либо предметов или же объектов, не имеют право заниматься осмотром или другим наблюдением. Однако, зачастую объекты и предметы, находящиеся под всеобщим обозрением, могут принести также огромную пользу расследованию. А ввиду того, что наблюдение за подобными объектами никакого разрешения не требует, то и частный детектив может без какого-либо разрешения вести осмотр за таковыми объектами. В этой связи, мы приходим к тому, что детективный осмотр, как отдельное мероприятие частного характера, позволит сторонам чаще выявлять сведения, имеющее значение для расследования, и, соответственно, представлять их в качестве доказательств. К подобным сведениям можно отнести: посещение объекта определенным лицом, определение местонахождения тех или иных предметов, обнаружение фактов правонарушения и т.д.

Подводя итог, можно сказать, что частный детектив, будучи средством полноценной реализации принципа состязательности, внесет свой неопределимый вклад в помощь расследованию уголовных дел. Однако, польза данного института на этом не оканчивается. Так, крайне важным является то, что внедрение подобного института в общество создаст новые рабочие места, на которые смогут претендовать, в первую очередь, бывшие следователи, оперуполномоченные сотрудники и иные должностные лица. И действительно, если мы возьмем статистические исследования, проведенные в Российской Федерации (где деятельность частного детектива урегулирована отдельным нормативным правовым актом), то убедимся, что большая часть детективов имеют опыт работы в правоохранительных органах - 83%, из них: 48% - до трёх лет, 22% - до десяти лет, 19 – более десяти лет [9, с.44].

Что же касается эффективности деятельности частных детективов, то обращаясь всё к тем же исследованиям, мы увидим, что в 24% дел, где так или иначе участвовали частные детективы, их деятельность способствовала разрешению дела (выборка состояла из 76 уголовных дел) [9, с.29-30].

Кроме этого, положительный опыт многих иностранных государств также указывает на эффективность частного детектива. Так, например, настоящий институт удачно применяется в Соединенных Штатах Америки, в Бельгии, в Германии, в Великобритании, в Латвии, в Литве и во многих других странах. Причем в некоторых странах (пример Великобритании) деятельность частного детектива плотно связана с адвокатской, тем самым детектив является важным участником уголовного процесса [9, с.32].

В заключение можно подытожить: институт частной детективной деятельности является реализацией принципов защиты, заложенных в Конституции РК, согласно которым, любое лицо вправе осуществлять защиту своих прав и свобод любыми законными средствами. Неоправданное перекалывание сыскных полномочий на адвоката не реализует данные принципы в полной мере, а значит, созрела необходимость в специалистах сыскного характера, к которым и относится частный детектив. Таким образом, правовая регламентация данного института лишь положительно скажется на практике. Одним из таких положительных преобразований будет являться преемственность между правоохранительной службой и частным сыском. Такое нововведение особенно ценно в обществе, где бывшие сотрудники, отдавшие всю жизнь службе, не могут полноценно реализовать свой огромный опыт работы в частном секторе. Совершенно ошибочно с нашей стороны игнорировать этот момент и отказываться от этой серьезной помощи в расследовании правонарушений. Поэтому институт частной детективной деятельности, безусловно, станет очередным шагом вперед в развитии уголовного процесса и расследования в частности.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года;
2. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗРК;
3. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК;
4. Приказ Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 11 мая 2017 года № 130-од «О некоторых вопросах стандартизации»;
5. Проект Закона Республики Казахстан "О негосударственной (частной) охранной деятельности и негосударственной (частной) детективной деятельности в Республике Казахстан";
6. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 мая 2013 года № 548 О проекте Закона Республики Казахстан "О частной детективной деятельности";
7. Форма №1-М Отчет о зарегистрированных преступлениях и результатах деятельности органов уголовного преследования за 12 мес. 2020 г.;
8. Частная детективная деятельность при расследовании преступлений. Семенов В.Г. // М.: Издательство «Юрлитинформ», 2006г.;
9. Английская судебная система. Уолкер Р. // М.: Юрид. лит., 1980. – 631 с.

#### **PRIVATE DETECTIVE ACTIVITY IN THE CRIMINAL LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*This article provides an overview of the current situation of the institute of private detective activity in the Republic of Kazakhstan. The essence of this institution is analyzed, its positive aspects are revealed, the positive experience of neighboring countries is considered. Based on the materials studied, the conclusion about the need to introduce a private detective into the criminal process is summarized.*

*Key words: institute of private detective activity, investigation of criminal offenses, the principle of competition, participation of the*

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

**А.Қ. АЙМҰХАМЕДОВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
4 курс курсанты  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**ғылыми жетекшісі – подполковник Б.А. АРАЛБАЕВА**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
№14 арнайы (кәсіби тіл дайындығы) кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҮШТІЛДІЛІК ЗАМАН ТАЛАБЫ**

*Мақалада келешекке кемел біліммен қадам басатын қоғамға бейім, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, құзіретті тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтың бірі және үштілділік – заман талабы екендігі айтылады.*

*Кілт сөздер: тіл саясаты, үштілділік, бәсекеге қабілетті тілдердің үштұғырлығы, қатынас тілі, құзіретті тұлға, кемел білім.*

Үш тілділік заман талабы демекші, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы тіл саясатын дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Өйткені біздің еліміздегі тіл саясаты 2007 жылдан бастап, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасымыз «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске асыруды және соны бастауды ұсынған кезден басталған еді [1]. Иә, дәл сол кезде Қазақстанның жаңа тіл саясаты жүзеге асырыла бастады. Қазақстандағы тіл саясатының негізгі мақсаттарының бірі әрине - республиканың әлемдік қауымдастыққа, дүниежүзілік қауымдастыққа интеграциялануы, ғылымның, экономиканың және елдің әлеуметтік-мәдени компонентінің көтерілуі болған еді. Ал үштілділік – бұл заман талабы. Қазіргі уақытта бір ғана тілде сөйлейтін елді елестету қиын. Себебі, әлемдік аренада негізгі бәсекелестікте алға ұмтылудың негізгі жолы осы. Бірнеше тілді білу үлкен ақпарат ағынымен және инновациямен үлкен әлемге есік ашумен тең.

Тіл – ұлттың жаны, байлығы, бар болмысын, сезімін жеткізе алатын ғажап күш. Тіл - бүкіл ғалам. Тарихқа дейінгі дәуірден бастап тіпті адамзат жаратылғаннан бері адам баласы ортақ қоғамда өмір сүрді. Заман өте тілдер түрлі тармақтарда жіктелгенімен, адамзат өзінің төл тілімен қатар, өзге жұрттың тілін білуге деген құштарлығы қалған емес.

Үш тұғырлы тілді біліп және сол тұрғыда негізгі білім беру Қазақстан халқын әлемдік аренада бәсекеге қабілетті екенін көрсетері сөзсіз. Бұл реформа «Қазақстан-2030» бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. ҚР Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, орыс тілін үйренуіміз қажет, өйткені біздің үлкен көршіміз сол тілде сөйлейді. Ал ағылшын тілі ше? Ағылшын тілі бұл біздің іскерлік жұмыстарда және халықаралық қатынас құралы ретінде үйренуде маңызды және міндетті болып табылады. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл ғана емес, сонымен бірге әрбір қазақстандықтар үшін ана тілі болып саналады. Орыс тілі де, ағылшын тілі де байланыс құралы ғана емес, сонымен қатар әлемдік білім алудың оңтайлы арналары екенін есімізден шығармағанымыз дұрыс. Бірнеше тілді оқып, жаттап үйрену Қазақстанның әлемдік қауымдастықтың экономикалық және мәдени саласына белсенді енуіне ықпал етеді. Бұл саясаттың маңыздылығы мен мәні әсіресе жастардың заманауи білім алуында ұғынылып, үштілділік элементтері қолданылып жүр десе болады. Көбісінде бұл қиындық тудырмай ма- деген сұрақ болуы мүмкін.

**THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR**

Иә, басында қиындық туындауы мүмкін, алайда бейімделу тез болады. Бұл психологиялық тұрғыдан дәлелденген. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев заманауи қазақстандық үшін үш тілді меңгеру оның әл-ауқатының алғышарты екенін баса айтты.

Қазіргі заманғы адамзат екі немесе одан да көп тілді еркін меңгерген адам ретінде сипатталатынын білеміз. Осыған орай, біздің еліміздің жоғары оқу орындары мен мектептерінде «Тілдердің үш тұғырлығы» мәдени жобасын кезең-кезеңімен жүзеге асырып жүргендігі байқалады.

2015 жылдың қараша айында Қазақстан 2015-2020 жылдарға арналған үш тілді білім беруді дамытудың Жол картасы бекітілді. Ол үш тілді: қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйренуге бағытталды. Яғни, осы жыл дамытудың соңғы жылы ретінде көрсетілген еді [2]. Алайда, менің ойымша бұл жоба тағы да созылып, барша елдерді осыған қалыптастыра алуымыз керек. Көптеген мықты сарапшылар (соның ішінде шетелдік) Қазақстанда үш тұғырлы тілділікті енгізуге дайындықты «маңызды әлеуметтік реформалардың бірі» деп атады.

Елбасы «Мен балаларды кішкентай кезінде оқыту керек екеніне толық сенімдімін. Үштілділік - бұл біздің балаларымызға қажеттілік. Олар бүкіл планетаның балалары. Олар мемлекеттік тілді білуі керек, орыс тілі - біздің қарым-қатынас тіліміз, ағылшын тілі - әлемдік тіл, әлемдік ғылымның тілі, инновациялар, интернет» - деп атап көрсеткен еді. Демек білім беруге үштілділікті енгізу - бұл қазақстандық балаларды болашаққа дайындау. «Әлемде қай тілдің үстемдік ететінін кім біледі? Екінші орында, айтпақшы, қытай тілі - бұл тілді қолданатын адамдар саны бойынша. Мүмкін бір күні қытай тілін де үйренуге тура келетін шығар, білмеймін, мүмкін миллиард екі жүз мың болатын үндістердің тілін білетін шығармыз. Енді, алға жылжу үшін, білім алу үшін, өзін, отбасын асырай алатын және балаларын тәрбиелей алатын жас жігітті қалыптастыру үшін бізге ағылшын тілі қажет», - деп қосты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті.

Ата-бабамыздың өткен тарихына көз жүгіртсек, әлемде екінші ұстаз атанған ұлы ғұлама Әбу-Насыр Әл-Фараби өмірінде 76 ұлттың тілі білсе, өр рухты дауылпаз ақын Махамбет пен қазақтың бір туар ұлы Шоқан да бірнеше тіл білсе керек. Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін меңгерген. Орыс тілін орта жастан асып барып, кеш меңгерген. Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге бермегендігі мыңдаған жыл тарихынан айқын.

Көп тіл білу - заман талабы. Елбасы өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі-ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі». Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те Елбасының: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас.

Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын жүргізіп жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды, қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Бірақ қазақ баласы әуелі отбасында қазақы рухпен тыныстап, ана тілінің нәрлі уызына қанып, ұлттық рухани тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсуі керек. Алғашқы тәрбиені ана тілінде қабылдап, қазақы қасиетпен жетілген бала кейін қандай ортада жүріп, қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын, ұлттық қасиетінен көз жазып адасып қалмайтын болады. Әлихан Бөкейханов сынды алаш арыстарымыздан бастап, кешегі Абай Құнанбайұлы, М. Әуезов, Қ. Сәтпаев сияқты талай тарландырымыз қанша жерден ресей топырақтарында білім алса да, сол империяның

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

қысымында жүрсе де, ана тілінің идеологиясы мен мәртебесін ең жоғары орынға қойған. Өйткені олардың бәрінің де тілі қазақша шыққан, бірі ауыл молдасынан хат таныса, енді бірі ана тілінде мұғалімдерден тіл сындырған. Яғни, тірек мықты. Тіл ана тілде сайрап тұрғандықтан, ешкім оған балта да шаба алмаған.

Алғаш рет үш тұғырлы тілділікті енгізу идеясын Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту туралы мәселені 2006 жылғы қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында тұңғыш Президентіміз мәлімдеген болатын. Н.Назарбаев өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобасын кезең-кезеңімен іске яғни жүзеге асыруды бастауды ұсынды: «Қазақстан бүкіл әлемде жоғары білімді, оның халқы үш тілді қолданатын ел ретінде қабылдануы керек».

Еліміздің білім беруі Болон жүйесіне қосылуы үш тұғырлы тілдің дамуында маңызды рөл атқарды. Болон декларациясының негізгі қағидаларына сәйкес Қазақстанда көптілді білім беру жүйесі енгізілуі керек, онда қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілі де қолданылуы қажет деп түсіндірілген. Болон процесінің мақсаты - әлемде бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құра білу.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру қажеттілігі жасына, ұлтына қарамастан республиканың бүкіл тұрғындары арасында кездесетін табиғи үдеріс, демек үш тілді қатар үйрену үлгісін «жоғарыдағылар» көрсеткені дұрыс. «Қостілділіктен» яғни қазақ және орыс тілінен, «үштілділікке» көшудің яғни қазақ, орыс және ағылшын тіліне өту үдерісінің негізгі мәні мынада болып тұр: әрбір қазақстандық үш тілді меңгеру идеясымен сусындайды, ал білім беру жүйесі - мектеп пен университет - бұл үшін нақты жағдайлар мен арнайы қадамдар жасайды. Түпкі мақсат - бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік кеңістікке сәтті енуін қамтамасыз ете отырып, Қазақстан экономикасындағы серпіліске үлес қосу деген сөз.

2010 жылдың 29 маусымында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлық шығарған еді, онда жаңа жағдайларда тілдерді дамыту, қазақ тілінің институционалдық мәртебесін нығайтуға бағытталған нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мәселелері қарастырылған мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілінің әлеуметтік лингвистикалық қызметін сақтау және ағылшын тілін әлемдік кеңістікке интеграция құралы ретінде дамыту деген мәселелер қозғалды [3]. Тілдерді білу біз үшін, қоршаған қоғамдық орта үшін кадрларды даярлауда, одан әрі жұмыс жасауда үлкен мүмкіндіктер ашады: мысалы, шет елдерде білім алу, әлемдік кеңістікте еркін қозғалу. Тілдердің үштұғырлығы - бұл Қазақстан жастарын табысты тәрбиелеудің кепілі, оның сенімді тірегі. Қазақ халқы табиғатынан тілді тез қабылдағыш халық. Кеңес заманында орыс тілі-заманның кілті болды. Бұл да сол заманның талабы еді. Орыс тілін үйреніп, орыстардың өзін жаңылыстыратын жағдайға жеттік. Енді алдағы асу –ағылшын тілі. Адам көп тіл білген сайын оның көкірек көзі ашылып, өмірінің көкжиегі кеңіп, өрісі ұлғая түсетін болады.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өңірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналары сөзсіз. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз туған тіліміздің мерейін үстем етті.

Тіл - мәдениеттің бір бөлігі, қайнар көзі. Ол ғылым мен өндірісті, әдеп пен әдет-ғұрыпты зерттеуге, саясатпен және өнермен айналысуға зор мүмкіндік беретін, адам қызметіндегі ең маңызды орынды алады. Яғни, біздің күнделікті қажеттілігімізді осы тіл, сөйлеу арқылы шеше аламыз десекте болады. «Тіл үйрену үшін қажеттілік не мәжбүрлік емес, шынайы қызығушылық болу маңызды» -деп

***THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR***



әйгілі философ А.Б.Августин айтпақшы, егер сенде шынымен де жанып тұрған қызығушылық болса, онда кез – келген кедергіден еш мүдірместен өтесің. Қазіргі таңда «Келешекке кемел біліммен» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке кемел біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үңіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген, құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Үштілділік бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Қазақстан Республикасының негізгі халықтың тілі болып табылатын мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін құрметтеу, оны білу-біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Кез келген тілдің болашағы – жас ұрпағының қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы - ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмаймыз. Б. Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» - деген болатын. Сондықтан тілімізді ұмытпай, әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек деп білемін. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық.

Сөзімізді қорыта отырып айтарымыз, бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алар орны да ерекше. «Бір тіл – бір адам, екі тіл – екі тіл екі адам», - деп халық айтпақшы, әркез өзіңнің бойыңа мыңдаған адамдарды сыйдыра алады.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2007 жылғы 28 ақпан/ Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
2. «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасы» Бағдарламасы. Астана, 2015 жылғы қараша.
3. «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту және қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Президенті 2010 жылғы 29 маусымдағы Жарлығымен бекітілген. Астана. / Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

#### **TRILINGUALISM IN EDUCATION IS A MODERN REQUIREMENT.**

*In the article, it is said that the formation of a socially oriented, comprehensively developed, multi-lingual, competent person who steps into the future with endless education is one of the main steps leading to the ranks of competitive countries, and trilingualism is the need of the modern society.*

*Key words: language policy, trilingualism, trinity of competitive languages, communication language, competent person, endless education.*

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

**Н.Қ. АЙЫМБЕТОВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
курсант*

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**ғылыми жетекшісі – подполковник Ж.Х. ДЖАРАСБАЕВА**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
аға оқытушы,*

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

*e-mail: Dzharasbaeva@mail.ru*

**ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ**

*Мақалада қазіргі заманға сай тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы екендігі және тіл мәдениетінің, тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығын білдіре отырып – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыстығы туралы мәселесі қарастырылған.*

*Кілт сөздер: тіл білімі, мәдениет, сөзжасамдық, орфоэпиялық норма, тілдік норма, лексикалық норма, грамматикалық норма, психотілтаным, этнотілтаным, әлеуметтік тілтаным.*

Бүгінгі күнде тіл білімінің зерттеулеріне қарайтын болсақ, антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің алдыңғы қатарға шыға бастағанын байқаймыз. Осы орайда соңғы кезде зерттеле бастаған тіл салаларына біршама тоқталсақ.

Айта кетейік, тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің маңызды саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Жалпы тіл мәдениеті деген ұғымның өзі тілдік норманың үш түрін қамтиды. Атап айтсақ, тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы); этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері); коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөз мәдениетін қалыптастыруға қажетті лингвистикалық орталықтар қатарына лингвистикалық болжау орталығы жатады. Лингвистикалық алдын ала болжау орталығы дәстүрлі тіл жүйесінің сапалық және сандық бағыттарын кешенді түрде зерттеу міндеттерін, сөз, сөйлеу қызметінің дәстүрін қалыптастыру мәселесін қарастырады. Сөз мәдениетіне қатысты лингвистикалық экология тіл және сөз мәдениетінің экологиясы деп аталады. Сөз мәдениетінің экологиясына тілдік жағдаят, тілдік сана, тілдік орта, тілдік ортаның тазалығы, сөз қызметіндегі стилистикалық қатынастардың бұзылуы, сөйлеу этикасының мәселелері, сөз мәдениеті және мониторинг, т.б. мәселелер кіреді. Қазіргі уақыт талабына сай әлемдік тіл білімінде тіл мәдениеті «сөйлеудің тиімділік теориясы» деп аталып, әсер ету мен әрекеттестік бағытында зерттелуде.

Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тілі тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау, лингвистикалық болжау орталықтарын ашу, сөз мәдениетіне қарама-қарсы құбылыс – лингвистикалық экологияны жеке сала ретінде қарастыру, «әсем жеткізу» ұстанымдары негізінде сөз мәдениетін жетілдіру, т.б. мәселелерді дұрыс жолға қою негізінде тіл мәдениеті дамиды.

Тіл табиғатының қыр-сырына терең жан-жақты үңілу – ғалым А.Байтұрсынұлынан бастау алып, Қ. Жұбанов зерттеулерімен өз жалғасын тапқан. Тілші-ғалым М.Балақаев өзінің «Қазақ тілінің мәдениеті» атты еңбегінде: «Мәдениет – оқу-ағарту, ғылым, өнер, т.б. рухани өмір табыстарының жиынтығы» дейді. Мәдениет туралы түсінікке де әр ғалым әртүрлі анықтама береді. Мәдениеттің өзін екіге бөліп жүрміз: материалдық және рухани мәдениет. Соның ішінде, тіл мәдениеті рухани мәдениетке жатады. Тіл мәдениеті тілдік тұлғаның тілін ұстарту міндетін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тән нормалар тілдік тұтынушыны таза, нақты, лайықты әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер мен дөрекі сөздерді қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі жазу дағдыларын қалыптастыруға тиіс.

Академик Р.Сыздықова бұл мәселедегі ойын «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру» деп сабақтаса, ғалым Н. Уәли өзінің «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық» деп жазады.

Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз.

Ойымызды әрі қарай жалғастыратын болсақ, ендігі кезекте психотілтаным, этнотілтаным, әлеуметтік тілтаным тәрізді ұғымдардың мән-жайын зерделеп көрсек.

Психотілтаным – (грек. *psyche* «жан» + лат. *lingua* «тіл») – адамның сөйлеу қызметі, оның тіл жүйесімен сәйкестігі туралы кешенді ғылыми пән. Психотілтаным сөйлеудің пайда болу, қалыптасу мен қабылдануы үдерістерін сөйлеушінің психикасы және ақыл-ойымен, сондай-ақ әртүрлі экстратілтанымдық (ең алдымен, әлеуметтік) факторлармен жинақталған адам қызметінің жеке жағдайы ретінде қарастырады. Психотілтаным терминін оның заманауи түсінігінде американдық ғалымдар Ч. Осгуд пен Т. Себеок енгізді. Психотілтанымның негізгі бағыты мәтінді тілтанымдық емес, яғни, сөйлеушінің өзімен, адаммен байланыста талдаумен байланысты көптеген деректерді теориялық ұғыну болып табылады.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Психотілтанымда өзіндік ерекшеліктерге ие болатын негізгі мәселелерге мыналар жатады: балалар және жасөспірімдермен сөйлесуді игеру, тілді үйрену (әсіресе шет тілін), тілдік қабілеттіктерді дамыту, сөйлеуді мектепке дейінгілердің ұғынуы және логопедия мәселелері, бұқаралық ақпарат құралдарының сөйлеуге өзара әсері ерекшеліктері, құрылымдық вербалдық (сөздік) қауымдастықтарды оқып үйрену, субъектінің тілді игеруі бойынша психологиялық қызметіне эксперименталдық зерттеулер, инженерлік (авиациялық, ғарыштық) психология, сот психологиясы мен қылмыстану (адамдарды олардың сөйлеу төлсипаты бойынша тану), нейро және патопсихология, афазия және орталық-ми сипатындағы және т.б. басқа да ақауларды алдын алу және емдеу.

Этнотілтаным (грек. *ethnos* «халық» *linguistique* «тіл туралы ғылым») – тілді халықтың дәстүрлі рухани мәдениетімен, оның өмірге көзқарасына және объективті шынайылықты қабылдауымен қатыстылықта зерттейтін кешенді пән. Ғылыми сөздіктерге сүйенсек, этнотілтаным тілді адамның ақыл-ойының, дінінің, тұрмыстық және салт-дәстүрлік мінездерінің, әртүрлі түрдегі мифологиялық қабылдаулары белгілері тұрғысында зерттейді. Этнотілтаным этностың болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан рухани-мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге ауысып келе жатқан дәстүрлі мирасты жаңғыртып, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің күрделі де құнарлы саласы. Этнотілтаным – жалпы ғылымға тән дифференция процесінің тіл біліміндегі бір көрінісі іспетті іштей жіктелудің нәтижесінде пайда болған. Тіл білімінің экстротілтаным, психотілтаным, паратілтаным, т.б. салаларымен қатар тұрады. Этнотілтанымдық көзқарас алғаш XIX ғ-дың 2-жартысында В.Гумбольдт, А.А. Потебня зерттеулерінде пайда болды. Бұл сала көп жағдайда этностың шығу тегіне, салт-дәстүріне, сондай-ақ өмір тіршілігіне қажетті де ерекше орын алатын заттық мәдениеттің қыр-сырына ерекше мән беріп келеді. Этнотілтанымды тілдегі этнографизмдердің немесе тіл мен этнография фактілерінің қосындысы деуге болмайды. Этнотілтанымның қалыптасу процесін, мазмұны мен мақсатын, зерттеу нысанын сол салада істелген жұмыстың ауқымын бағыт-бағдары мен сипатынан пайымдауға болады. Мәселен, үндіеуропалықтар мен үндіеуропа тілдеріне бағышталған Т.Гамквалидзе мен В.И. Ивановтың («Индоевропейцы и индоевропейские языки», 1977) еңбегінде үнді еуропалықтардың рухани-мәдени ортақтығы олардың тілі негізінде сөз болса, Н.И.Толстойдың («Этнолингвистический словарь славянских древностей», 1996) сөздігінде славян халықтарының жанды тілінде сақталған байырғы мәдениетіне қатысты көнерген сөздері қарастырылады. Ал өткен ғасырда жазылған В.А.Серашевскийдің еңбегінде түркі халықтарының бірі – сахалардың тілдік болмысы сөз болады. Этнотілтаным тарихындағы күрделі еңбектердің біріне мажарларға қатысты 5 томдық этностық лексиконды жатқызуға болады. Осы орайда қазақ Этнолингвистикасы бойынша Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 4 томдық энциклопедиялық сөздігін атауға болады. Қазақ тіл білімінде Этнолингвистика мәселелері жеке ғылым саласы ретінде М. Копыленко, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, т.б. ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылды.

Әлеуметтік тілтаным туралы айтар болсақ (лат. *soci(etos)* қоғам, фр. *lingua* – тіл) тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскен аралығында туып дамыған тіл білімі саласы. Онын негізгі объектісі – тілдің функционалды жағын зерттеу. Қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауыз екі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджиндер), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм, диглоссия,

***THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR***

пиджинделу, креолдену, мультилингвизм үдерістері. Әлеуметтік лингвистика үшін аса қажетті мәселелердің қатарында тілдің (тілдердің) өмір сүру формасынан туатын тілдік жағдайлар, тіл мен мәдениеттің байланысы, тіл саясаты тағы басқа жатады. Тілдің әлеуметтік табиғатына алғаш көңіл аударған XIX ғасырда П. Лафарг, А. Мейе, А. Соммерфельт, XX ғасырда Прага структурализмі, Женева мектебінің өкілдері тағы басқа анкета арқылы байқау, интервью алу, статистикалық әдіс тағы басқа қолданған.

Қорыта айтқанда, жоғарыда атап көрсетілген мәселелерді әрі қарай да зерттеу арқылы біз оның өзге де қыр-сырын танып білеріміз хақ. Қалай болғанда, тілдің жайын ғылыми негізде зерттеу оның кешенділік сипатын арттырып, мән-мағынасын тереңінен зерделеуге кеңінен жол ашары сөзсіз. Қазақ тілінің сөз мәдениетін көтеру – ұлттық мүдде талаптарының бірі. Қазақ тіл мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті, оны жоғары деңгейге көтерудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Жазу және сөйлеу мәдениетінің қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы орны және оның орфографиялық ережелерді жүйелеу мәселелерімен байланысы қазақ тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді. Сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану, сөз мәдениетіне әлеуметтік көзқарасты қалыптастыру, сөз мәдениетін әлеуметтік ғылымдар мен ұлттық мәдениеттің ең басты тірегі ретінде бағалау, сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насихаттау негізінде тіл мәдениеті дамиды.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. Алматы, 19877
2. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Алматы, 19937
3. Жұбанов Қ. «Қазақ тілінің грамматикасы», Алматы, 1936.

#### **LANGUAGE CULTURE TODAY**

*In the article, the language that studies the norm and development of the literary language in accordance with modern times, the relationship with the spoken language, is an important field of mine and expressing its difference from other fields of language culture in accordance with modern times.*

*Key words: linguistics, culture, word information, linguistic norm, lexical norm, grammatical norm, psycholinguistics, ethno linguistics, sociolinguistics.*

#### **А.А. АҚАНОВА**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы  
e-mail: [ayzhan.akanova@bk.ru](mailto:ayzhan.akanova@bk.ru)*

#### **ғылыми жетекші – К.М. БОЛЫСОВА**

*«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,  
ф.ғ.к., аға оқытушы  
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы  
e-mail: [kuralai\\_2702@mail.ru](mailto:kuralai_2702@mail.ru)*

#### **ЭКОЛОГИЯНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ЖАҒАНДЫҚ СИПАТЫ**

*20 ғасырдың ортасынан бастап әлемдік философия ғылымында "экологиялық философия" деп аталатын ағым ерекшелене бастады. Экологиялық мәселелерге арналған философиялық ойды дамыту, қарым-қатынастың жаңа тәжірибелерінде адамның қалыптасуындағы философия мен әлеуметтік экологияның рөлі,*

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

*интеллектуалды қамтамасыз ету және оның дүниетанымын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.*

*Кілт сөздер: Экология, философия, проблема, жаһандық, ғылым.*

Еңбек, сана және сөйлеу адамды табиғаттан ерекшелендірді. Жұмысқа қабілеттілік-бұл адамның маңызды сипаттамасы. К. Маркс еңбекті адамның өз іс-әрекеті арқылы өзі мен табиғат арасындағы заттардың өзара байланысын реттейтін, реттейтін және бақылайтын процесс ретінде анықтайды. Егер жануарлар ортаға бейімделсе, онда адам қоршаған ортаны өз қажеттіліктеріне бейімдейді. Адамның ата-бабаларының іс-әрекеті неғұрлым саналы болған сайын, қоршаған ортаға әсер соғұрлым маңызды болды. Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар ерекше айқындыққа ие болды. Алайда, экология әдетте бір нәрсенің өмір сүруі мен дамуының қанағаттанарлықсыз жағдайларына назар аударғысы келгенде айтылады.

Ахмет Байтұрсынұлының: «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктер түзелгенде оқумен түзеледі. Оны түзететін – білім мен білікті ұстаз» деген сөзінен-ақ оқыту ісін Алаш қайраткерлерінің басты бағытта ұстағаны көрінеді. Солардың заңды жалғасы бүгінгі ұстаз кімдер? Олар кешегі қоғамдағыдай ұлт зиялысы міндетін атқара ала ма? Өзгелер зиялы деп қарай ма? Мектеп ше? Ойға салып көрейікші. Білімсіз халықты басқарып, айтқанына көндіріп, дегеніне жүргізуді көздеген отарлық саясат білім ордасын аздырды. Ұстаздың ұлағаты азайды. Ұрпақтың ұяты әлсіреді. Ұстаз деген аттан мұғалім деген есімге қарай сырғыған тәрбие мен тәлім иесі тәрбиені бере алмастай күйге түсті. Қоғамның тұлғасы болу емес, қара басының қамынан аспайтын дәрежеге жетті. Ұстазының алдын кесіп өтпейтін кешегі қазақ қоғамынан ұстазын адам қатарына санамайтын санасыз күйге жеттік. Ұстаздың мәртебесі мен мәні кетті. Бұл іске кінәлілердің алғашқысы, айтуға оңай жүйе, содан кейін қоғам, соңғысы ұстаздардың өзі. Бұлай дейтін себебіміз: Жүйедегі кінә: Ұстаздық мамандықты ұлықтап, қоғамдағы мәртебесін анықтап бере алмаған білім саласының әлсіздігі. Қоғамның кінәсі: Аспаннан білімді қалпында түсе салғандай қоғамның әр саласындағы ат тізгінін ұстаған игі жақсылардың өз басындағы ұстазға деген құрметтің жоқтығы. Олардың көпшілігі өзі өскен мектебі туралы ойлануды азайтты. Ұлт зиялылары мектеп өмірінен алыстады. Ұстаздың жағдайына мүлде назар салмайтын болды. Тіпті оны мектепте таяққа жықса да елемей, басқалармен қосыла жамандауға кірісті. Ұстаздардың кінәсі: Білім ордасы – мектеп пен ұстаздың қадірі құлдыраған соң бұл мамандыққа білікті адам бармайтын болды. Ұстаздардың басым көпшілігі біліксіз, білімсіз күйге жетті. Осы сияқты себептерден ұстаздың беделі мүлде төмендеп кетті. Бүгінгі қоғамдағы бұл мамандық – мамандық атаулының ең төменгі сатысы болып, ең нашарлар, сырттай білім алғандар, әйтпесе сатып алғандар мен танысы барлар ұстаз атана салуы үйреншікті көрініске айналды. Кез-келген сайлау мен конференцияның ұйымдастырушысы да, қағаз таратушысы да, көрермені де сол баяғы мұғалім. Ал, енді осындай ұстаздан білім алған бала ертеңгі елдің болашағы бола алатынына сенесіз бе?

Ұстаздың қоғамдағы беделін арттырып, оның бағыт-бағдарын айқындап алмай бұл сұраққа жауап табу сол бұлдыраған күйі қала бермек. Дамыған елдердегі бұл салаға деген көзқарасты сараптасақ мәселенің мәнісі бірден анықталып шыға келеді. Мәдениеті мен экономикасы дамыған елдердің бәрінде «мұғалім» өте қадірлі мамандық. Мысалы, Жапонияда мұғалім мен министрдің жалақысы бірдей. Ең үздік мектеп түлегі сол мамандыққа түседі, ең жоғары жалақы ұстаздар үлесінде. Ең жақсы жағдай ұстаздардікі. Сол үшін де сол елдердің оқу-ағарту ісі қарыштап дамып, ғылымы мен техникасы, ұлттық құндылықтары күннен-күнге дамыған үстіне дамуда. Әрине өзіндікін жамандай бергенмен өзгелер бізге жақсысын бере салмайды. Сынау оңай, одан шығу жолын ұсыну маңызды мәселе.

Ұлт болашағының тағдыры ертеңгі жас ұрпаққа тікелей байланысты екенін ескерсек бұл мәселеге немқұрайлы қарауға хақымыз жоқ. Бүгін шешімін табуға тиіс мәселені ертеңге ысыру келер ұрпақтың алдындағы арымызға сын!

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. «Абайдың дүниетанымы мен философиясы»
2. «Хакім Абай» Ғ. Есім, Алматы, 1999ж.
3. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдау
4. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/275746-elbasy-ma-alasy>

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

**EDUCATED GENERATION IS FUTURE OF THE NATION**

*New methods and technologies related to teaching and education are being implemented. The main guarantee of joining the ranks of advanced countries in the world and mastering the process of rapid development is raising a generation capable of competition.*

*Key words: state, education, generation, future, goal, teacher, nation.*

**Д.Б. ЖОЛДАС**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
курсант,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**ғылыми жетекші – майор А.К. САРИЕВА**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы, аға  
оқытушы, гуманитария ғылымдарының магистрі,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: sarieva\_1981@mail.ru*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ**

*Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістердің динамикасы білім беру жүйелерінің жаһандық жұмыс істеуін қайта қарастыруды қажет етті. Қарқынды дамып келе жатқан әлемде білім беру саласындағы саясаткерлер үшін, жалпы білім алу орынындары үшін, атап айтқанда оқытушылар үшін негізгі мәселелер: біріншісі – «21 ғасырда білім алушылар нені үйренуі керек» және екіншісі – «оқытушылар білім алушыларды 21 ғасырға қалай дайындайды?»*

*Кілт сөздер: ақпарат, инновация, білім, қолдану, оқу оқыту, әдістер.*

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға жетелейтін күдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол.

Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандарына бағытталған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген, сондай-ақ «Онлайн тәсіліне оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру қажет» – [1] деп атап көрсеткендей бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияға негізделуін және ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Осылайша, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану заман талабынан туындап отыр. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият

қарайтын дәуір. Кәсіптік оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – білімгерлердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқу программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Кәсіптік оқыту саласында компьютер білімгер үшін оқу құралы. Жаңа заман талабына сай білімді, бәсекеге қабілетті, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби біліктілікті жұмысшы мамандарды даярлауда кәсіптік оқытуды жетілдірудің, оның материалдық-техникалық базасын толық жаңартып отыру қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етіліп отырылуы қажет. Осыған байланысты мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп жылда дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты орындау барысында білімгерлердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыруда жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша білімгерлерге ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Әрбіріміздің санамызда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дегеніміз не деген сұрақ туындайды? «Білім берудегі АКТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты. Ақпараттық-коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген елбасымыздың үндеуінде айтылып кеткендей, білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналуға. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді дамытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.

2. Ақпараттық мәдениет орталығы. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. Ақпараттық технологиялардың бірі-интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары.

Жаңа ақпараттық технологияларды сабақта қолдану келесі нәтижелерге жеткізеді:

1. Білімгерлерге еркін ойлауға мүмкіндік береді;

2. Тіл байлығын дамытады;

3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;

4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

5. Өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады.

«Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» деген ғұлама Баласағұнның сөздері менің өмірлік қағидам. Ұлы педагог Ушинский: «Мұғалім білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, іздеуді тоқтатса, мұғалімдігі де жойылады» деген болатын. Сондықтан әр бір ұстаз күнделікті сабағына өмір талабына сай дайындалып ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалануы тиіс. Ол заман талабы. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу делінген.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Оқытушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы білім алушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Оқытушы білім алушымен білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.

2. Білім алушы жеке жұмыс жасайды.

3. Оқытушы аудиториядағы білім алушылардың жағдайын толық көріп, әрбір білім алушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады. Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту білім алушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Білім алушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, ұстаз екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде оқытушы тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр-ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [2].

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі-жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет білім алушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс.

Құзыреттілік – білім алушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік-бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-

***THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR***



коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Білім алушылардың түпкілікті құзиреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелері. Құзиреттілікті білім алушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзиреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – білім алушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.[3]

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – білім алушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өндеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым. Ақпараттық-коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде оқытушы алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиалық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Оқыту құралдарының біріне тоқталсақ – электрондық оқулық. Ол білім алушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі-пәндік білім, екіншісі- компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану білім алушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы білім алушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты – оқыту үрдісін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық-ізденіс қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Мұның тиімді жағы: электронды оқулықта әр сабаққа арналған бейне көрініс, анықтама сөздік, диктант, тест тапсырмаларын, қайталау сұрақтарын пайдалана аламыз. Электронды оқулықты қолдану арқылы

### **БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі, білім алушының пәнге қызығушылығы, білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы, білімнің тереңдігі, тексеру түрлері, бағалауы, практикалық дағдыларды игеруі артады. Білім алушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Қорыта келгенде, оқытушы үшін нәтижеге жету білім алушысының білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала- ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Білім алушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

#### **ACTUAL ISSUE OF MODERN EDUCATION IN KAZAKHSTAN**

*The dynamics of changes taking place in the modern world has led to the need to rethink the global functioning of education systems. In a rapidly developing world, the main issues for education politicians, for schools in general, and for teachers in particular are: the first is «what should students learn in the 21<sup>st</sup> century» and the second is «how do teachers prepare students for the 21<sup>st</sup> century?»*

*Key words: information, innovation, education, application, teaching, methods.*

**Ф. ЖҰМАБАЕВА<sup>1</sup>,  
Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
3-курс студенттері,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: Kudaibergenovazhanerke2003@mail.ru, farizzhumabayeva@mail.ru

**ғылыми жетекші – Ж.Ж. БЕЙСЕНОВА**  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
қауымдастырылған профессор м.а., пс.з.к.,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: Zhuparkul22\_70@mail.ru

#### **КУРСАНТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК–ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ**

*Мақалада курсанттардың кәсіби білімді меңгерудегі әскери жоғары оқу орнындағы жаңа жағдайларға бейімделу ерекшеліктері қарастырылады. Осы тақырап аясында, «бейімделу», «әлеуметтік-психологиялық бейімделу» ұғымдары теориялық талданды; сонымен бірге, өзінің ерекшелігіне байланысты «бейімделу*

**THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR**

түрлері», атап айтар болсақ, физиологиялық, психологиялық және әлеуметтікқарастырылып, психологиялық анықтамаларына сипаттамалар берілді.

Әскери ЖОО-да оқу жағдайларына бейімделудің үш кезеңі сипатталады: ішінара (бірінші курс), жеткілікті (екінші курс), толық (үшінші курстан бастап), бейімделу процесі білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі деңгейде өтуі мүмкін. Бірінші курс курсанттарының әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктерін көрсететін және екінші курсқа ауыса отырып, білім алушылардың бейімделу қабілеттерін дамытудың оң динамикасын анықтайтын эмпирикалық деректер келтіріледі.

*Кілт сөздер:* бейімделу, әлеуметтік-психологиялық бейімделу, курсанттар, тәртіп, мотивация.

Жоғары әскери оқу орнына түсу кезінде тұлғаның өз денсаулық жағдайы, олардың кәсіби даярлық деңгейі сияқты талаптар бірінші орынға қойылады. Себебі, әскери қызметте қызмет етуде олардың моральдық — психологиялық дайындығы маңызды рөл атқарады. Болашақтағы кәсіби қызметі оларда терең субординациямен, қатаң, белгілі тәртіппен және нақты оқу режимімен байланысты[1]. Бұл жағдайда курсанттарға психологтар, медицина қызметкерлері, ата-аналар, туыстар, сүйікті қыз немесе әйелі, ең жақын адамадары тарапынан қолдауды қажет етеді[2].

Жоғарыда келтірілген жағдайларға байланысты курсанттардың олар үшін мүлдем жаңа ортаға психологиялық бейімделу проблемасы туындайды. Біз өзіміздің зерттеу тақырыбымызға орай библиографиялық талдау жасай келе, бұл мәселе жеткілікті зерттелмеген деп қорытынды жасай аламыз. Әскери жоғары оқу орнына келген соң курсанттың жеке тұлғалық жағынан болсын, оқу процесінде, әскери іс әректінде де жетістікке жетуде бейімделуге өзгерістерге ұшырайды деген көптеген ғылыми негіздемелер жасалған[3].

Бейімделудің екі түрі бар: биофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық. Бізді әлеуметтік-психологиялық бейімделу қызықтырады, бұл адамдардың белгілі бір әлеуметтік-психологиялық мәртебеге ие болу, белгілі бір әлеуметтік-психологиялық рөлдік функцияларды меңгеру процесі[4].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесінде адам өмір мен іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жағдайлары арасындағы үйлесімділікке жетуге ұмтылады. Ол жүзеге асырылған сайын жеке тұлғаның бейімділігі артады (оның өмір сүру және қызмет жағдайларына бейімделу дәрежесі).

Толық бейімделу кезінде адамның психикалық әрекетінің қоршаған ортаның берілген жағдайларына сәйкестігіне және оның белгілі бір жағдайларда белсенділігіне қол жеткізіледі.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаны қорғау құралы ретінде де әрекет етеді, оның көмегімен адамда басқа адамдармен және жалпы қоғаммен қарым-қатынас кезінде пайда болатын ішкі психикалық күйзеліс, алаңдаушылық, тұрақсыздық күйлері әлсіреп, жойылады[5].

Психиканың қорғаныш механизмдері адамның психологиялық бейімделу жолдары ретінде әрекет етеді. Олардың қалыптасуы мен көрінуіндегі анықтаушы мән, зерттеулер көрсеткендей, ол тұлғааралық қарым-қатынастар саласындағы, әсіресе ерте балалық шақтағы травматикалық оқиғаларға жатады. Жалпы алғанда, адам психологиялық қорғаныс механизмдерін меңгерсе, бұл оның бейімделу мүмкіндігін арттырады, әлеуметтік-психологиялық бейімделудің табысты болуына ықпал етеді.

Бейімделу процестерінің сәттілігіне әсер ететін факторларды екі топқа бөлуге болады: объективті (қоршаған орта) және субъективті[6].

Бейімделу деңгейі адамның психикалық денсаулығы тұжырымдамасының негізінде жатыр. Егер адамның психикалық тепе-теңдігінде ауытқулар болмаса,

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

оның өнімділігі жақсы болса және өмірден ләззат ала алса, мұндай адам жағдайларға жақсы бейімделген болып саналады[7].

Біздің зерттеулеріміз күндізгі оқу нысанының бірінші курсына оқитын курсанттардың негізгі бөлігі (шамамен 90%) орта мектепті бітіргеннен кейін іс жүзінде өмірлік тәжірибесі жоқ әскери университетке түсетінін көрсетті. Сонымен қатар, олардың көпшілігінде тиісті мотивациялық және кәсіби бағдар жоқ [8].

Сондықтан курсанттардың едәуір бөлігінің әскери университетте оқу кезінде бейімделуінде қиындықтар туғызатын жаңалық емес, оқудың, қызметтің, казарманың қатаң реттелетін жағдайлары. Осылайша, мемлекеттегі жүргізіліп жатқан қайта құрулар, қарулы күштерді реформалау, елдегі әлеуметтік-экономикалық үдерістер жағдайды және офицерлік кадрларды даярлау мен тәрбиелеуді оңтайландырудың түбегейлі жаңа бағыттарын іздеу қажеттілігін сапалы түрде өзгертті. Қазіргі уақытта ең перспективалы бағыттардың бірі курсанттардың жоғары әскери оқу орнында оқу ерекшеліктеріне бейімделу процесін психологиялық қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өз кезегінде жас жігіттердің жоғары оқу орнындағы оқу жағдайына бейімделу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу, олардың бейімделу табысына тұлғалық ерекшеліктерінің әсерін анықтау қажеттілігін анықтайды.

Әрі қарай, зерттеу нәтижелерін қарастырайық, Т.Лири әдісі бойынша деректер 1-кестеде берілген. Нәтижелердің стандартты интерпретациясы қолданылды (тұлғааралық қатынастардың сегіз түрінің біріне жататындығын анықтау).

**1-кесте. Т.Лири әдісі бойынша субъектілердің тұлғааралық қарым-қатынас түрлері бойынша бөлінуі**

Тұлғааралық қатынас түрі	Сынақ субъектілерінің саны %	Орташа типтегі айқындылық
1. Авторитарлық	19%	2
2. Өзімшіл	7%	4
3. Агрессивті	10%	3
4. Күдікті	0%	-
5. Бағынышты	15%	7
6. Тәуелді	21%	8
7. Достық	28%	8
8 Альтруистік	0%	-


**1-кестеде** келтірілген мәліметтер субъектілердің көпшілігі жеке профильдегі достық пен бағынуға бейімділіктің басымдылығымен байланысты тұлғааралық қатынастардың түрлеріне жатады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді (Т.Лири шкаласы бойынша).

Тұлғааралық қатынастар түрлерінің ауырлығы негізінен орташа, яғни жеткілікті бейімделгіштікке ие, бұл субъектілердің негізінен оң мәртебесімен, топта маңызды қақтығыстардың болмауымен расталады. Сонымен қатар, бұл типтер үстемдік пен агрессиямен байланысты типтердің төмен ауырлығы аясында ең үлкен ауырлыққа ие (7-8). Бұл тенденция ресми жарғылық қатынастар тұлғааралық мінез-құлықтың бейімделуіне де, оның экстремалдылығының болмауына да ықпал ететіндігімен байланысты.

Әрі қарай, К.Роджерс пен Р. Даймондтың «әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі» сауалнамасы бойынша статистиканы қарастырамыз. Деректер интегралды көрсеткіштер бойынша пайызбен беріледі және төмен, орташа, жоғары деп бағаланады. Зерттеу нәтижелері бойынша курсанттардың көпшілігі (сурет. 3) барлық көрсеткіштерде нормаларды көрсетеді. Бейімделу, басқаларды қабылдау, интернационалдылық көрсеткіштері бойынша басым көпшіліктің шоғырлануы байқалады-тиісінше 84,5%, 77,6%, 84,5%. «Үстемдікке

ұмтылу» шкаласы бойынша төмен мәндері бар сауалнамаға қатысушылардың 44,8%. Сондай-ақ, «эмоционалды жайлылық» көрсеткіші бойынша үштен бірінен астамы (34,5%) төмен мәнге ие, сол санатқа жоғары мәндері бар 15,5% түсті. Қатысушылардың үштен біріне жуығы 27,6% «өзін-өзі тану» шкаласы бойынша жоғары деңгейге ие. Басқа көрсеткіштер бойынша әр түрлі мәндермен 0-ден 12,1% -ға дейін бөлінді.

Бейімделу-дезадаптация дәрежесін анықтау үшін тест көмегімен барлық үлгілер бойынша нәтижелерді талдағаннан кейін біз қатысушылардың көпшілігі орташа және жоғары мәндер бойынша бөлінген норманы көрсеткенін көрдік.



Сурет 2. Курсанттар арасында К.Роджерс пен Р.Даймондтың «Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді диагностикалау әдістемесі» сауалнамасы бойынша тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі бейімделгіштік-дезадаптация дәрежесінің пайыздық көрсеткіші

Әрбір көрсеткіш бойынша жеке қорытындыласақ.

«Бейімделу» көрсеткіші. Кестеде «орташа» және «жоғары» деп көрсетілген мәндер субъектілерде бейімделу проблемалары жоқ екенін көрсетеді. Олар өздерін іс-әрекеттер мен қарым-қатынастардың нақты тәжірибесіне ашық деп санайды, олар өз проблемаларын түсінеді және олармен күресуге тырысады. Қатысушылардың басым көпшілігі осы құндылықтарға сәйкес бөлінеді. Төмен мәндер жауаптары бойынша осы санатқа енген курсанттардың бейімделу деңгейінің айқын еместігін, жаңа ортада меңгеруде қиындықтар бар екенін көрсетеді (5%). Сондай-ақ, бұл критерий өзін және басқаларды қабылдамауды, икемсіздікті білдіреді. Бейімделу құндылықтары төмен субъектілердің арасында агрессивтілік пен басымдықпен сипатталатын тұлғааралық қарым-қатынас түріне ие курсанттар ғана бар екенін ескереміз.

«Өзін-өзі қабылдау» көрсеткіші. Орташа мәннен төмен ұпай жинаған қатысушылар өзін-өзі қабылдамайды, ішкі жанжалдарды бастан кешіреді және өзін-өзі бағалауы төмен болуы мүмкін. Мұндай респонденттер – 2%. Жоғары құндылықтар өзін-өзі бағалаудың жоғарылауын, басқаларға қатысты артықшылық сезімін көрсетуі мүмкін (27%) Өзін-өзі қабылдаудың жоғары деңгейін көрсететін барлық субъектілердің әлеуметтік мәртебесі басқаларға қарағанда төмен және тұлғааралық қарым-қатынас түрімен ерекшеленеді. Бұл жағдайда орташа мәндер норма болып табылады.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

«Басқаларды қабылдау» көрсеткіші. Орташа құндылықтар норма болып табылады және адам мінез-құлқының сәйкестігін, оның қоршаған әлеуметтік ортаның нормалары мен құндылықтарын қабылдауын айтады. Таңдаудың басым көпшілігі орташа мәндерді көрсетті. Орташа мәннен төмен мәндер (9%) адамның әлеуметтік бейімсіздігін көрсетеді (ыңғайсыздық, адамдарға сыни көзқарас, тітіркену, өзіне деген теріс қатынасты күту). Мұндай субъектілер агрессивтілік пен үстемдікпен сипатталатын тұлғааралық қарым-қатынастардың түрімен ерекшеленетінін ескереміз.

«Эмоционалды жайлылық» көрсеткіші. Субъект өміріндегі негізгі эмоциялардың сипатын көрсетеді. Жоғары құндылықтарды негізінен позитивті эмоцияларға ие, өмірінің әл-ауқатын сезінетін адамдар көрсетеді. Біздің зерттеуге қатысушылардың көпшілігі. Теріс эмоционалды күйлері бар адамдар үшін орташа және төмен мәндер, бұл субъектілердің әлеуметтік мәртебесі ескерілмеген.

«Ішкі бақылау» көрсеткіші. Бұл шкала адамның өз қызметі шеңберінде өзін белсенді сезіну дәрежесін және басқа адамдардың сыртқы жағдайлары мен әрекеттерінің пассивті объектісін көрсетеді. Жоғары және орташа мәндер қатысушының жауапкершілігін және онымен болып жатқан жағдай оның қызметінің нәтижесі екеніне сенімін көрсетеді.

«Үстемдікке ұмтылу» көрсеткіші. Адамның басқалармен қарым-қатынаста қаншалықты үстемдік етуге ұмтылатынын көрсетеді. Жоғары ұпайлар айқын көшбасшылық қасиеттері бар адамдарды, сондай-ақ басқасын басу үрдісі бар адамдарды, артықшылық сезімін көрсетеді. Біздің оқуымызда мұндай адамдар болған жоқ.

Қатысушылар барлық үлгілер бойынша орташа және төмен ұпайлар бойынша шамамен бірдей ұпай жинады. Құндылығы төмен респонденттерге бағынуға, мойынсұнуға бейім адамдар жатады. Ұпай жинаған респонденттер орташа мәндерге кіреді - басымдық пен бағынудың орташа қажеттілігімен байқалады.

Тұлғааралық қарым-қатынас жүйесіндегі бейімделу-дезадаптацияны зерттеу курсанттардың көпшілігінде бейімделу мен жеке қарым-қатынаста проблемалардың жоқтығын және жаңа ортада өзін еркін сезінетінін көрсетті деп қорытынды жасауға болады. Олардың көшбасшылық қасиеттері орташа және өз әрекеттеріне жауапты. Төмен құндылықтарды көрсеткен кейбір курсанттар қарым-қатынаста және жаңа ортаға үйренуде қиындықтарға тап болады.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Гартман Г. Тұлғаның бейімделуінің психоаналитикалық тұжырымдамасы. [Электрондықресурс].Кіру режимі: [http:// library.by/ portalus/ modules/ psychology/ readme.php?archive= 1120045821&id= 1106933958& start\\_from= &subactün = showfүжәне & ucat=24/](http://library.by/portalus/modules/psychology/readme.php?archive=1120045821&id=1106933958&start_from=&subactün=showfүжәне&ucat=24/).
2. Анцупов А.Я. Әскери-психологиялық зерттеулердің әдіснамалық мәселелері // психологиялық журнал. - 1995.- №1-7-19 ББ.
3. Дьяченко М.И., Кандыбович С. Л. Әскери психология және педагогика: оқу құралы. - М., 1998.
4. Реан А.А., Кудашев,А.Р., БарановА.А. Психология адаптации личности. Анализ. Теория. Практика. СПб.: Прайм-Евро-знак, 2006.
5. Сенокосов Ж.Г.Социально-психическая адаптация молодых солдат к воинской службе. М., 2008
6. Военная психология и педагогика. Под ред. А.В. Барабанщикова. – М., 2007.
7. Кулагин Б.В. Основы профессиональной психодиагностики. – М., 2007.



## **SOCIAL AND PSYCHOLOGICAL EDUCATION OF CADETS**

*The article examines the features of cadets' adaptation to new conditions in the military higher educational institution in acquiring professional knowledge. Within this topic, the concepts of "adaptation", "social-psychological adaptation" were theoretically analyzed; at the same time, "types of adaptation" depending on their characteristics, namely, physiological, psychological and social, were considered, and psychological definitions were described.*

*Three stages of adaptation to educational conditions in military higher education institutions are described: partial (first year), sufficient (second year), full (starting from the third year). Empirical data showing the characteristics of socio-psychological adaptation of the first-year cadets and determining the positive dynamics of the development of adaptive abilities of the students, moving to the second year, are presented.*

*Key words: adaptation, socio-psychological adaptation, cadets, discipline, motivation.*

**Т.Ә. ЖҰМАДІЛЛАЕВА<sup>1</sup>,  
А.М. ЛЕСБЕК<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: ss043086@gmail.com, akmarallesbek8@gmail.com

**ғылыми жетекші – Ж.Ж. БЕЙСЕНОВА**  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
қауымдастырылған профессор м.а., ғылым кандидаты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: Zhuparkul22\_70@mail.ru

## **ЭМОЦИОНАЛДЫ ДЕПРИВАЦИЯ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

*Баяндамада әскери университетте және қызметтегі әр түрлі депривацияның мәні мен себептері қарастырылған. Әскери университеттің білім беру ортасындағы және қызметтегі депривация жағдайын еңсеру бойынша курсанттарды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы ұсынылған. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: сауалнама, салыстыру, бақылау.*

*Кілт сөздер. Депривация, абсолютті депривация, салыстырмалы депривация, білім беру депривациясы, әскери жоғарғы білім беру, депривациялық әсерді төмендету шарттары.*

Адамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандырудың шектелуі немесе мүмкін еместігі ретіндегі депривация өткен ғасырдың ортасынан бастап белсенді түрде зерттеліп келе жатқан құбылыс. Бастапқыда бұл құбылыстың пайда болуы мен дамуы қараусыз қалған және панасыз қалған балалармен, әлеуметтік жетімдермен байланысты болды, олар қоғамға толық ене алу мүмкін еместігіне байланысты депривацияның негізгі түрлерімен (сенсорлық, когнитивтік, эмоционалдық, әлеуметтік) сипатталды[1]. Ал, бұл ынталандырушы стимулдардың барлық түрлері толық көлемде, сапалы және үйлесімді даму үшін қажет.

Қазіргі уақытта зерттеу контексттері әртүрлі көзқарастардан психикалық депривация тұжырымдамасын қарастыруда, ол концепцияның өзін түсіндірудің көптігін де, психокоррекциялық бағдарламаларды әзірлеуге көзқарастардың әртүрлілігін де анықтайды[2].

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Әлеуметтану және психологиялық еңбектерде берілген анықтамалар депривацияны екі негізгі аспектіде қарастыруға болады деп айтуға мүмкіндік береді:

1) бұл адам үшін маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкінсіздігі немесе дұрыс психикалық күйдің жеткіліксіздігі;

2) бұл субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін шектеумен немесе айырумен байланысты жағдай болып табылады.

Депривация құбылысы адамның қажеттіліктерді қанағаттандырудағы шектелуі ретінде кәсіби әскери қызметке имманентті түрде тән. Оны ұйымдастыру мен жүзеге асырудың ерекшеліктері депривацияның әртүрлі түрлерін (абсолютті, салыстырмалы, мәдени, рухани, әлеуметтену, экономикалық, экзистенциалды және т.б.) тудырады, бұл көбінесе әскери қызметшілердің физикалық және психикалық жағдайының сапасын, олардың өмірі мен қызметі туралы ерекшеліктерін анықтайды[3].

Біздің жұмысымыз әскери қызметкерлердің әскери білім алу процесіндегі депривациясын талдауға арналды. Біз алдымызға курсанттарды депривация ерекшеліктерін анықтау және оның алдын алу және азайту бойынша ұсыныстар әзірлеуді мақсат етіп қойдық, және «Депривация» тақырыбы аясында теориялық және эксперименттік зерттеу жүргізілді. Жұмыстың басты әдістемелік тәсілдері: құндылық, жүйелік, субъектілік-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлылық болды.

Әскери ЖОО курсанттарының психикалық депривациясы деп біз студенттердің жеке тұлғалық әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкін еместігінде немесе шектелуінде көрінетін, курсанттардың өмір салтының олардың таңдауына байланысты елеулі өзгерістерден, жетекші әскери кәсіби қызмет және әскери университетке қабылдануынан туындаған ерекше психикалық күйін түсінеміз.

Депривация мәселесін теориялық талдау әскери университет жағдайында оны шешу келесі қарама-қайшылықтарды жоюды талап ететінін көрсетеді: курсанттарды даярлаудың дифференциациялы ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеудің жеткіліксіздігімен байланысты қайшылықтар; білім алушының жетекші қажеттіліктеріне сәйкес тұлғалық әлеуетін іске асыруға бағытталған педагогикалық қолдаудың мәні мен жүзеге асыру тетігінің жеткіліксіз дамуына қатысты қайшылықтар; депривацияланған курсанттарға педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігінен туындаған қайшылықтар[4].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу курсанттың әскери білім беру ұйымында болу ерекшеліктерімен де анықталады және оқу мен қызметтің үйлесуі, кеңістіктік шектеулер, қоғамдық өмір нормаларын қабылдау және өзінің көзқарасын білдірудің қолайлы формаларын меңгерумен байланысты. Н.А. Кондратова, О.В. Пополитов депривацияны болып жатқан жағдайға қатысты «жеке тұлғаның психологиялық егемендігімен» қарама-қарсы қоя отырып, адамның өмірлік жоспарларын бақылау, қорғау және жүзеге асыру қабілетімен сипатталады. Депривация деп олар әлеуметтік және табиғи ортаның басқа объектілерімен сәйкестендіру қиын болатын «өз өмірінің иеліктен айыру, бағыну, бөлшектену тәжірибесін» білдіреді[5].

Курсанттар арасында әлеуметтік-психологиялық депривацияның пайда болуы жеке бұрынғы байланыстардың үзілуімен және жаңа байланыстарын орнатудағы қиындықтармен, көлденең және тігінен өзара әрекеттестіктің қалыптасқан нысандарын қабылдаудағы проблемалармен және т.б. байланысты. О.О. Андронникова, Е.В. Агрызкова зерттеліп отырған ұғымды тереңірек талдап, оның пайда болуы мен дамуын адамның виктимизация процесімен байланыстырады. Олар әлеуметтік-психологиялық депривацияны индуктор, онтогенетикалық деңгейде тұлғаның виктимизациясының пайда болуын тудыратын фактор ретінде түсіндіреді.

Білім беру және әлеуметтік-психологиялық депривация ұғымдарын қарастыруға жоғарыда келтірілген тәсілдер олардың үлкен деструктивті мүмкіндіктерін куәландырады және бірқатар спецификалық ерекшеліктерге ие әскери университет жағдайында бұл мәселенің өзектілігі расталған.

Курсанттардың өміріне, қызметіне, оқуына және сыртқы келбетіне қатысты бірыңғай талаптар қойылғанына қарамастан, олар абсолютті және салыстырмалы түрде депривациялануы мүмкін.

Абсолютті депривация жеке адамның тамақтануға, қорғануға, медициналық көмекке, тұрғын үйге деген негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауынан тұрады; салыстырмалы депривация «өз позициясын басқалармен салыстырғанда нашарырақ деп субъективті қабылдау негізіндегі азапты тәжірибеден» тұрады. Олардың фонында пайда болатын эмоционалды күйлер адекватты тұлғааралық қарым-қатынастарды құруға кедергі келтіреді, іс-әрекет пен мінез-құлықтың ұйымдаспауына әкеледі және оқу орнында бейімделу қиынға соғады.

Курсанттардағы депривацияның негізгі салдары:

- өзінің білім алу қажеттіліктерін бастаудан және жүзеге асырудан бас тарту жалған әрекетке белсенділікпен (имитация) алмастырылуы мүмкін;
- оқытушылар мен командирлердің нұсқаулары мен бұйрықтарына сәйкес ағымдағы міндеттерге бағдарлануға, уақыттық және кеңістіктік перспективаларды тарылтуы;
- алгоритм бойынша іс-әрекеттерді, формальды процедураларды қолданудың басым болуы, іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгерудегі қиындықтар;
- кәсіби және жеке эгоцентризм - тұлғааралық өзара әрекеттесу сапасына теріс әсер ететін өзінің өмірлік қамтамасыз ету міндеттерін шешуге жеке ғана бағытталу[6].

Депривацияның маңызды сипаттамаларын түсіну психологиялық мәселелердің көздерін және сәйкесінше оларды шешу жолдарын көруге мүмкіндік береді. Жүргізілген зерттеулер курсанттарды кәсіптік білім алу процесінде олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру сапасына оның абсолютті және салыстырмалы әсер етуі тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар курсанттардың еңбек құқығынан айырылу жағдайы ретінде де қарастырылуы, білім беру қызметін көрсету бойынша өзінің тікелей функциялары мен міндеттерін орындау тиіс деп айтуға мүмкіндік береді. Бұл ереже әскери университеттің қоршаған ортасына депривация факторларының әсерін жеңілдету үшін жағдайларды әзірлеуге негіз болды.

Қорытындылай келе, тұлғаның қалыптасуында депривацияның алдын алудың жалпы шарттарына мыналар жатады:

- білім беру қызметіндегі гуманистік құндылықтар мен идеологияның басымдығы;
- тұлғааралық қатынастарды құрудағы ашықтық, шынайылық, оның субъектіге-субъектілік өзара іс-қимылға сүйенуі;
- курсанттың оқу-жаттығу және тыныс-тіршілігі проблемаларына назар аудару;
- курсанттың өзін-өзі тануын дамыту;
- курсантайдың жеке даму траекториясын қамтамасыз ету.

Демек, анықталған жағдайлардың мазмұны депривациялық жағдайдан шығу жолдарын анықтайтын нақты және жеке мүмкіндіктерді көрсетеді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Алексеенкова Е.Г. Психикалық депривация шартындағы тұлға бейнесі 2009.
2. Андриянова Н.А. Әскери қызмет ісіндегі әлеуметтік депривация феномені. Құқық қорғау органдарындағы психопедагогика. – 2015.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

3. Беседина М.В. Білім беру ортасы жасөспірімдердің соматикалық денсаулығына әсер ететін фактор ретінде.– М., 2004. – 170 б.

4. Князев Е.А. Элеуметтік депривацияның педагогика және психологиясы [Электрондық ресурс] - <http://www.hr-portal.ru/article/pedagogika-i-psikhologiya-sotsialnoi-deprivatsii-0>

5. Крылова А.В. Білімдік мәдени орталықта студенттерге психикалық депривацияны жеңудегі психологиялық көмек. Стерлитамак, 2010. – 189 б.

6. Энциклопедия. Депривация [Электрондық ресурс]. - <http://knowledge.su/d/deprivatsiya>

**EMOTIONAL DEPRIVATION AS AN IMPORTANT FACTOR IN FORMING THE PERSONALITY OF MILITARY PERSONNEL**

*The report examines the essence and causes of various deprivations in the Military University and in the service. The program of psychological and pedagogical support of cadets to overcome the situation of deprivation in the educational environment and the activities of the military university is presented. The following methods were used in the course of the study: survey, comparison, observation.*

*Key words: Deprivation, absolute deprivation, relative deprivation, educational deprivation, military higher education, conditions for reducing the deprivation impact.*

**Л.Ю. ЗАЙНИЕВА**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: zainieval@mail.ru*

**Э.Н. СУИМБАЕВА**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
2-ші оқу жылының докторанты  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: e.suimbayeva@gmail.com*

**ғылыми жетекші - Л.Ю. ЗАЙНИЕВА**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
с.ғ.д., саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: zainieval@mail.ru*

**«БОЛАШАҚ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕР ТАРИХЫ**

*Мақалада «Болашақ» халықаралық стипендиясының даму тарихы, Қазақстанның стратегиялық жоспарларына сәйкес оның трансформациясы кезең-кезеңімен баяндалған. Бағдарламаның негізгі айрықша белгілері көрсетіліп, мемлекетті халықаралық деңгейдегі мамандармен қамтамасыз ету бойынша нәтижелері белгіленді. Мақалада «Болашақ» стипендиаттары әр түрлі салаларда жұмыс істейтіні жәнә республиканың дамуына елеулі үлес қосатыны атап өтілді.*

*Кілт сөздер: «Болашақ» халықаралық стипендиясы, білім, мамандарды дайындау, жастар, тағылымдама.*

Мемлекет пен жастар ажырамас ұғым. Әрбір дамушы мемлекетке оның барлық ұрпақтарының үздіксіз байланысы, өзара түсіністігі мен өзара іс-қимылы

**THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR**

маңызды. Бұл қоғам тұрақтылығының кепілі. Білімді жастар-еліміздің жоғары деңгейдегі болашағы.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы (бұдан әрі –«Болашақ») 1993 жылы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қаулысымен құрылған. Стипендияның пайда болуына уақыт талабы ықпал етті. Құжатта «Болашақтың» мақсаты Қазақстан Республикасы экономикасының нарықтық қатынастарға көшуін қамтамасыз ету және халықаралық байланыстарды кеңейту үшін тиісті білімі бар талантты жастар қатарынан кадрлар даярлау болып табылатыны көрсетілген [1]. Мемлекет пен қоғамды жаңғырту, тәуелсіз мемлекет құру білікті басқарушылар тобын даярлаусыз мүмкін емес. Ел білікті кадрларға мұқтаж салалар үшін мамандар даярлауды ынталандырады.

Мақаланы жазуға келесі материал қолданылды - нормативтік-құқықтық құжаттар, ғылыми мақалалар, түрлі конференциялар жинақтары, статистикалық деректер, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттар және т.б. болды. Оның көмегімен бағдарламаның қалыптасу кезеңдері анықталды. Салыстырмалы әдіс «Болашақты» шетелдік стипендиялық бағдарламалар мен гранттардың аясында негізгі белгілері бойынша сипаттау үшін пайдаланылды.

Қазіргі жағдайдағы стипендиялық бағдарламалар мен гранттар типологиясының шетелдік тәжірибесіне сүйене отырып, «Болашақ» келесі түрге жатқызылуы мүмкін:

- қаржыландыру көзі бойынша-бюджеттік;
- мақсатты аудитория бойынша– мемлекеттік азаматтары арналған, оларды әлеуметтік және қаржылық қолдауға бағытталған;
- іріктеу негізінде-ашық пен объективтілікке негізделген;
- қаржыландыру көлемі бойынша-стипендиаттардың шығыстарын толық жабу;
- міндеттемелердің болуы бойынша-өз елінде белгілі бір уақытты пысықтау [2; 68-69б.].

Көрсетілгендерге келесі ерекшеліктерді қосу керек:

- институционалдық өкілдік –«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ («ХБО» АҚ), стипендия әкімшілігі;
- әлемдік рейтингтер негізінде әлемнің университеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтарын таңдау;
- бекітілген басым мамандықтардың тізбесіне сәйкес оқу және тағылымдамадан өту [3; 107б.].

Қазақстанның стратегиялық жоспарларын іске асыру аясында экономиканың басым бағыттарын кадрлармен қамтамасыз ету үшін «Болашақ» дамудың бірнеше кезеңінен өтті.

1993 жылы «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды.

1994 - 1996 жылдар. Алғашқы қазақстандық студенттерді шетелдік университеттерге жіберілді. Осы кезеңде стипендия экономикалық және гуманитарлық пәндер бойынша түлектерге берілді. Оқу географиясы: АҚШ, Ұлыбритания, Германия және Франция.

1997 - 1999 жылдар. Стипендия тағайындау және оқу аяқталғаннан кейін келісімшарттық міндеттемелерді орындау тәртібі мен ережелеріне өзгерістер енгізілді. «Болашақ» түлектерін еліміздің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жұмысқа орналастыру көзделді. Білім алушылар үшін шет елдердің саны артады.

2000 - 2004 жылдар. Инженерлік-техникалық мамандықтар саласындағы үміткерлер үшін шет тілдерін білуге қойылатын талаптар төмендеді. Алғаш рет докторантура бағдарламасы бойынша оқуға мүмкіндік берілді.

2005 – 2010 жылдар. Жыл сайын берілетін стипендиялар санын 3000-ға дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. ҚР Үкіметінің қаулысымен «Халықаралық

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

бағдарламалар орталығы» АҚ құрылды, оның негізгі қызметі – «Болашақ» стипендиаттарын оқыту мен жұмысқа орналастыру мониторингін жүзеге асыру. Шетелде оқуын аяқтағаннан кейін түлектер үшін елде міндетті бес жылдық жұмыс істеу талабын бекітетін шарттық база енгізілді. Оқытатын шет елдер саны 13-тен 33-ке дейін ұлғайтылды. Шығыс бағытын дамыту мақсатында Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Малайзия және Сингапурдың, сондай-ақ ТМД-ға мүше кейбір мемлекеттердің жетекші университеттері енгізілді. Ғылыми және педагогикалық қызметкерлерге арналған тағылымдама бағдарламасы енгізілді. Ауыл жастары, мемлекеттік қызметшілер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер санаттары бойынша түсушілер үшін квоталар айқындалды.

2011 – 2016 жылдар. «Бакалавриат» бағдарламасы бойынша дайындық тоқтатылды. Бағдарламалық-нысаналы тетік – жұмыс беруші, стипендиат және «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ арасында үшжақты шарт жасасу енгізілді. Инженерлік-техникалық, медициналық және педагогикалық мамандықтарға түсушілер саны артты. Шет және мемлекеттік тілдерді білуге қойылатын талаптар күшейтілді. «Магистратура» бағдарламасы бойынша оқуға түсушілер үшін БАҚ, мәдениет және шығармашылық сала қызметкерлерінің жаңа санаттары енгізілді. Әлемдік рейтингтер (QS World University Rankings, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings) негізінде оқу және ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын шетелдік жоғары оқу орындарының, ғылыми орталықтар мен зертханалардың тізімі қысқартылды. Қазақстандық магистранттар мен докторанттар шетелде магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуға мүмкіндік алды. Үміткерлерді іріктеу тәсілдері қайта қаралды және "6+6" форматы бойынша тілдік дайындық өзгерді (6 ай – елімізде, 6 – шет елде) [4; 304-306б.].

Today, in connection with the global processes of development of a new scientific and technological revolution, the role of education is even more increasing. "Nowadays, competitive advantages are no longer determined by the size of the country, nor by rich natural resources, nor by the power of financial capital. Now everything is decided by the level of education and the amount of knowledge accumulated by society" [5]

Nowadays, education has become the most important factor in the development of man and society. Educational institutions are the main channels of transmission of cultural heritage from generation to generation, a powerful tool for the socialization of children and youth, the main form of vocational training. Education provides knowledge, helps to assimilate social norms, prepares for adult roles, forms starting positions in an economically active life. The attitude to education as an integral part of human existence and the understanding of its importance in the life of society has changed over the centuries: from antiquity to the modern world. However, most often the role of education was considered in the spiritual and intellectual plane.

The view of education as one of the most important indicators of well-being (primarily material), both of society as a whole and of each person in particular, has been established in the world since the XVIII century.

In the age of Enlightenment, the great French encyclopedists Voltaire, Jean-Jacques Rousseau, Denis Diderot, Claude Helvetius declared the transformative role of education and science in society. At the same time, Benjamin Franklin noticed: "If you pour the contents of your wallet into your head, no one will take it away from you," thereby suggesting to humanity the most profitable and win-win form of capital investment - investment in education. Until the middle of the twentieth century, education was a rather rigid, closed system, being one of the important elements of the state structure of a particular country.

At the end of the twentieth century, extremely serious changes took place in the education systems of the countries of the world, caused by qualitative changes in the living conditions of mankind, both at the level of civilization and at the level of an individual. The dynamic development of education in recent years has turned it into one of the most important factors in the development of man and society. The main purpose of education is to introduce a person to the beliefs, ideals and values of the dominant part of society.

Education can never be fully completed. We study throughout our lives, and there is no such moment in our lives when we could say that we have already completely solved the problem of our personal education and personal development.

Only an ignorant person can claim that he has finally solved the problem of education for himself. This philosophical approach to education follows from the doctrine of the ideal, which is connected with infinity and therefore can never be fully completed, but it is he who gives meaning to our spiritual life and personal development.

The purpose of education is to introduce a person to higher values, to art, morality, law, economy, this is the transformation of a natural person into a cultural one.

Education is an individual and natural "vocation" of the nation, cultural communities and each individual. For the philosopher, human education is "cultura animi",

which means "culture of the soul". The education of the soul is an education that corresponds, on the one hand, to its individual identity and vocation, and on the other hand, corresponds to a serious culture with the knowledge of a specific time. Educational knowledge is essential knowledge that is built on one or more successful images.

Man is the most unique and amazing being, the most amazing creation of nature and history, his future is endless and beautiful, some thinkers say. Man is a mistake of nature, its ill-fated defeat, endowed with innumerable vices, therefore, he has no future, he is doomed to degeneration and death, others believe" I.T. Frolova

Man and his essential characteristics have always been the subject of attention of science, especially social philosophy. The appeal to individuality is justified by the increase in individual contribution and individual responsibility of a person in all spheres of social existence. Each person realizes himself in society in a special way, only peculiar to him, therefore, the cognition of a person involves considering him not only as a social, but also as an individual being and requires an analysis of the dialectic of individuality in the conditions of society. In social cognition, the concept of individuality plays an important role, which sets philosophy the task of a comprehensive study of a person's individuality as a form of his existence in society.

Based on the above, I would like to conclude that the education system, as one of the important factors in the formation of human capital and the accumulation of intellectual resources, permeates the entire modern society and is quite closely connected with almost any sphere of human activity. Therefore, it is quite difficult to determine where the influence of education and the educational complex on the progressive processes in the country ends. But the fact remains indisputable that education fundamentally works for the future, determining the personal qualities of each person, his knowledge, skills, skills, priorities of worldview and behavior, and therefore, ultimately, the economic, moral, and spiritual potential of society.

#### **REFERENCES:**

1. Ananyev, B.G. Man as an object of knowledge / B.G. Ananyev. St. Petersburg: Peter, 2010. -288 p.
2. Navoychik E.Yu. On spirituality as a universal goal of education // Humanities Research. Yearbook. – Issue 9: Interuniversity collection of scientific papers. - Omsk: Publishing House of OmSPU, 2004. –pp.59-62.
3. Gershunsky B.S. Philosophy of education for the XXI / Boris Semenovich Gershunsky. – M. : "Perfection", 1998 – 605 p.
4. Dobrynin A.I., Dyatlov S.A., Tsyrenova E.D. Human capital in a transitive economy: formation, evaluation, efficiency of use. — St. Petersburg: Nauka, 1999, 234. P.17
5. Return to man in education / Vrublevskaya E.G. Scientific research in education. 2007. No. 5. pp. 31-36.
6. Serikov, G.N. Education and human development / G.N. Serikov. – M.: Mnemosyne, 2002. – 416 p.

**Ж.А. КАЖЫКЕНОВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара Академиясы,  
сержант*

*Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: kazhykenov.zh@inbox.ru*

**ғылыми жетекші – подполковник Е.С.МАКАНЧИН**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара Академиясы,  
14-арнайы кафедрасының аға-оқытушысы,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: talsyniskakova@gmail.com*

**ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР-ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ**

*Жастар – еліміздің болашағы! Бұл тек қарапайым ұран емес. Біз өзіміздің ата-аналарымыздың, балаларымыздың аманшылығын қамтамасыз етуге міндеттіміз және келешекте ұрпағымыздың жақсылықтарына да жауапкер боламыз. Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Бүгінгі жас – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Қазір алдыңғы толқын аға буынның орнын басар, ізін жалғастырар артында өсіп келе жатқан жастар екені даусыз. Еліміздің ендігі дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты.)*

*Кілт сөздер: жастар, болашақ, ел, ұлт, қоғам, тарих.*

Жастық – адам баласына екінші рет берілмейтін кезең деп түсінемін. Себебі сен сол кезеңнен өткеннен кейін ол шаққа қайтып бара алмайсың. Өмірде «жастық шақ», «жастық кездер-ай» деген сөздерді жиі естіп жатамыз. Шыны керек ол шақ – қайтып келмейтін көктем, ағысы өзгермейтін өзен, сондай-ақ, аспанға тек бір рет қана жарқ етіп көрінетін жұлдыз. Бұл шақта адамның үлкен мақсаттары анықталып, биік армандарға ие болады. Ал сол жастық кезең болашақтың бастауы деп неге айтылған?

XXI ғасыр жастардың күштілігі білекпен емес, біліммен таразыланады. Өркениетке көш түзеген еліміздің болашағы бүгінгі білімді жастардың қолында. Елбасымыздың өзі «Болашақ – жастардың қолында» деп бекер айтпаған. Осы сөзден-ақ ел үмітін жастардың өзі ақтайтынына үлкен сеніммен қарағаны деп білемін. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінін нұрландырып, ертеңін гүлдендіретін ұлағатты ұрпақ деп біледі. Иә, ақын, педагог М.Жұмабаев айтпақшы мына қоғам «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты» жалындаған жастарға иек артады, соларға сенеді. Еліміздің өсіп өркендеуі үшін, жас мамандардың ойының ұшқырлығы, тың идеялары өте маңызды. Қандай мамандық иесі болса да, өз істеріне жауапкершілікпен қараған адамның, жетер жетістігі де өте көп болмақ. [4]

Сан ғасырларды кері шегіндірген, тарихы тереңде жатқан қазақ халқының байырғы ақуалы бәрімізге бесенеден белгілі. Тарих төңірегіне көз жүгіртсек, елім деп, ақ найзаның ұшымен, ар-намыстың күшімен ел қорғаған батыр бабалар, алдына келген тура сөздің тігісін жатқызып, оймақтай аузымен ой саларлық құндылықтар айтқан би-шешендер, бертін келе, қанын төксе де арын төкпеген ақтаңдақтар, ұрпағын ұлықтаған ұлт-қайраткерлері, бостандық деп шырылдаған боздақтардың негізгі мақсаты ел тыныштығы мен тұрақтылығы еді. Елім деп еңіреп, жерім деп көз жас төккендердің бар арман, ойы- қазақ атты қараша халықтың бақытты ғұмыр кешуі болатын. Егемендік аңсаушылар «бақытты болудың нышаны – бостандық» деп ұғынды. Ата- бабаларымыз бастамасын бастап, бодан болудан қашқан еліміз-

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

бүгінде тәуелсіз қазақ мекені. Ел тәуелсіздігіне 31 жылдың қарсаңы толып отыр. Осы атылмыш 31 жылдың ішінде Самұрық құс сынды қанатын кеңге жайған Қазақстан қарқынды түрде дамыған, даралар ішінен сараланған қайсар да айбарлы мемлекет екендігін танытты. Бұқара халық болашағы бар берекелі мекенде мерекесін асырып, бозторғай жұмыртқалайтын жайлы қоныста құт-берекесін тасытып, мамыражай күн кешуде. [3; с.10]

Тілімізді, ұлттық мүдделерімізді насихаттайтын да, өзімізді-өзгелерге танытатын да, өскелең ұрпақ екені ақиқат. Кезінде АҚШ Конституциясын жазып берген Жапония, білім алу үшін жастарын шетелге жіберді. Экономикасы мығым, ғылыми технологиялардың озық тұсын зерделеген жапон жастары алған білімдерін өз елінде бөлісіп, кәдеге жаратып, Жапонияны әлемдегі ең мықты елдердің біріне айналдырды. Қаймағы бұзылмаған қазақ халқының қарқынды дамуы, ел болашағаның кепілі. Даму барысында негізгі рөл жастарға артыларын ескерсек, сол жастар өз қара басының қамын қамдамай, ел болашағының беріктігін қалқалап жүруі керек. Өрнегін салған өткен күндерді тарих сахнасына қалдырып, асығы алшысынан түсер алдағы сәттерді санасына түйіп, іс-әрекетке бет бұруы тиіс. [4]

Ертедегі ақын, жазушы аталарымыздың кезінде білім алуы үшін сан соқпақты басып өтіп, өмір не өлім таңдаған, ұлт тағдыры үшін тамырын қиғандарын білеміз. Ал қазіргі таңдағы жастардың, төрт құбыласы тең, күн кешіп жүрген шақта білімге құлшынбауы нағыз ессіздің тірлігі. Сонымен қатар, ұрпағын ойлаған, «жастарға сенемін» деп өз ықыластарын білдірген қайраткерлердің сөзін қалай жерге тастамақ.

«Қайынның қырық бұтағы болады. Алайда, сол қырық бұтақтың ішіндегі біреуі ғана пайдаға асар түзу таяқ болады, ал қалғандары жәй ғана саптыаяқ пен қисық таяқ болады». Мұнымен не айтқым келді, әр бір Қазақстанның жас жеткіншектері қисық не қиғаш ғұмыр кешпей, түзу әрі берік болып жетілуі, болашаққа нық қадаммен бекінуі керек. Тәуелсіз елдің жастары қазақ елінің ертеңі екенін терең түсінсе, бұл М.Мағауин атамыз айтқандай «ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық идеологияны қалыптастыруымыз», зейінімізді арттырып, топ ішінен даралануымыз, оза шапқан «XXI ғасыр Құлагері» атанарымыз ақиқат. [3; с11]

Өрқашан ізденіп, білім алуға, ғылым үйренуге құлшыныс танытқан біздің жастар да, Елбасы бастамасымен құрылған «Болашақ» бағдарламасы арқылы әлемнің түкпір-түкпірінде білім алып жатыр. Нәтижесі де жоқ емес. Бірқатар болашақ түлектері қазіргі таңда ел дамуына үлестерін қосып, қызмет атқаруда. Кез келген адам өткен өмірінде көрген тәжірибесімен дана әрі ақылды бола бастайды, болашаққа нық сеніммен қарайды. Қазірде біз әлемдік экономикалық жүйеге араласа алатын, нарық экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекетте өмір сүреміз. Ұзақ жылдар көлемінде қазақстандық қоғамның күшімен ауқымды істер атқарылды. Біз – жастар тәуелсіздікпен бірге өсіп-өнген жастармыз! Жас, жасампаз елдің ұланымыз. Бүгінде белсенді жастар мемлекеттік қызметке өтіп, әрі қарай шыңдалып дамуға, өз ісін ашып, өзін-өзі дамытуымен, спорт, ғылым, шығармашылықпен және басқа да қызмет түрлерімен айналысуға толық мүмкіндіктері бар. Қай заманда болмасын кез келген қоғам жастарының ең өзекті мәселелерінің бірі- сапалы білім алу, жұмыспен қамтамасыз етілуі, тұрғын үй және өз ісімен айналысу болып табылады. Осы ретте, жастармен қоғамдық әрі мемлекеттік бағытта жұмыс жүргізудің маңызы зор. Бүгінгі қоғам және мемлекет жастарға қолдау көрсете отырып, жеке дамып өсуіне жағдай туғызу қажет. Бүгіннің өзінде қазақ жастарының бет-келбеті мен жігер-мінездік сипаттамаларының өзгеруі туралы айтуға болады: жас тұлғалар арасында дербестік, өз тағдырына деген жауапкершілік, өз мүмкіндіктерін нақты бағалау іспетті қасиеттер өсіп келеді. Жас ұрпақтың санасында білім алудың маңыздылығы, өз денсаулығын жақсартуға деген көзқарас фактілері жоғарылап келеді, бұл жағымды жаңа трэндтер.[1]



Жастардың болашағы – бұл мемлекет болашағы. Жас ұрпақтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына кепілдік бере отырып, мемлекет өз кезегінде жалпы құқықтық мәдениет деңгейін жақсартып отырып, жастар арасында белең алып келе жатқан жағымсыз әрекеттерді болдырмауға ықпал етеді.

Қазіргі Қазақстандық жастардың мәдениет және ойлау бейнесі бірнеше жылдан кейін біздің әлеуметтік-мәдени шындыққа тән болып келеді. Табиғатта өз жастары қоғам үшін маңызды, бұл адам капиталы, қоғамның инновациялық, стратегиялық ресурсы. Қазіргі уақытта жастар тарих субъектісі ретінде қабылданады, онда қоғам өз дамуының әрбір келесі кезеңінде өзін жаңғыртады, оған қарама-қарсы, оның статустық позициясы сұрағы екінші дәрежелі рөл берілмейді. Оған оң рөлді бөле отырып, онымен прогрессивті өзгерістерді байланыстыра отырып, ол әлеуметтік тұрақсыздықты сақтаушы болып табылатынына назар аудармауға болмайды, оның әлеуеті әртүрлі бағытта болуы мүмкін: позитивті-жасампаздық, конструктивтік-экстремистік-революцияға дейін. Бұл кілтте жас ұрпаққа игерудің пайдалы екендігі туралы дүниетанымдық түсініктерді меңгеруге көмектесу керек, әзірлеу маңызды, практикалық қызметте жүзеге асыруға рұқсат етілген, өмірдің жағымсыз жақтарын көрсету, жалпы өмірге, денсаулыққа зиянды болып табылатын, жеке іс-әрекеттерінде жүзеге асыруға тыйым салынған. Әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар басталғаннан бері Қазақстандық жастардың алдында жаңа міндеттер тұрды, оларды шешу әрбір жас ұрпақтың жеке түсінуді және де өз өмірінде ұстануды талап етеді.[2; с20] Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі басқа мемлекеттермен салыстырғанда оның мүмкіндігімен және қабілеттілігімен едәуір дәрежеде айқындалады: жастардың бойында өмір сүру стратегиясын өз бетінше жасауға, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жетілдіруге прогрессивті, қоғамдық маңызы бар құндылықтар мен басым құндылық бағдарларын қалыптастыру. Осыған байланысты қазіргі жастар саясатының басты міндеті жас ұрпақтың қоғам өміріне қатысу мүмкіндігін кеңейту және жастар әлеуетін Қазақстанды дамытуға бағыттау, оның бәсекеге қабілеттілігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жағдай жасалуы тиіс. Жастардың құндылықты ұстанымдарын мансаптық-тұтыну тұрғысынан өзіне және қоғамға шығармашылық-жасампаздық көзқарас тұрғысынан қайта бағдарлауды көздейтін әдістерді әзірлеу қажеттілігі бар. Жастардың қандай да мемлекеттегі рөлі аса маңызды болып саналады. Ол дамудың, жаңа танымның және ескі өзгерудің ең басты субъектісі болып саналады. Әрбір мемлекет жастардың дамуы мен қалыптасуының дұрыс бағыты тұрғысынан мүдделі. Мемлекет жас ұрпақты ескі сындыра отырып және жаңасын құра отырып, ол мемлекеттің прогресі үшін ұлттық мүдде шеңберінде әрекет ететіндей тәрбиелеуге тырысады. Ең прогрессивті және белсенді дамып келе жатқан мемлекеттер жастарға баса назар аударатыны таңқаларлық емес. Осы мақсатта әртүрлі жастардың ұлттық бағдарламалары мен жобалары құрылуда аса мән береді. Қазақстанның қазіргі заманғы жастары тарих субъектісі болып табылады, Қазақстандық қоғам оны ерекше түрдегі әлеуметтік құндылық ретінде ашты. Қазіргі Жастар өзгерістің ерекше және маңызды факторы, жаңа идеяларды тасымалдаушы. Осыған байланысты ХХІ ғасырдың талаптарына жауап беретін қазіргі заманғы мемлекеттік жастар саясаты қажет. [1] Біздің ойымызша, Қазақстанның жастары – саясат, реформа өзгерістеріне тікелей қатысуы керек. Біз тек ойланып қана қоймай-ақ, өз үлесімізді қосып, белсенді әрекет жасауымыз қажет. «Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір», - дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты.

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: Жаңа Онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері // Казахстанская правда. — 2010. — 30 қаңтар.
2. Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің актілік дәрісі. Қазақстан дағдарыстан кейінгі әлемде: болашаққа интеллектуалдық серпіліс. — Алматы: Қазақ университеті, 2009. — С. 20.
3. Егемен Қазақстан 2012 ж. 10 – 12 б.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан — 2030 " Жолдау.

**PASSIONATE YOUTH-BRIGHT FUTURE**

*Youth is the future of our country! This is not just a simple slogan. We are obliged to ensure the well-being of our parents and children, and in the future, we will be responsible for the well-being of our offspring. The future of any state is educated youth. Today's youth is a living image of the future Kazakhstan. Today's age is the person who will take the reins of tomorrow's country. There is no doubt that now the previous wave is young people growing up behind them, who will replace the older generation and follow in their footsteps. The future of our country's development and prosperity depends on the youth.*

*Key words: youth, future, country, nation, society, history.*

**М.Б. ҚАЗЫБАЕВ**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
курсант  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**ғылыми жетекшісі – лейтенант А.С. ГУБАШЕВА**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясы,  
оқытушы  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы*

**ҚАЗАҚ ТІЛІМ – АЛТЫН ҚАЗЫНАМ**

*Мақалада Мемлекеттік тілдің – мемлекетіміздің аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екендігі туралы айтылған.*

*Кілт сөздер: ана тілі, ұлттың тілі, мемлекеттік тіл, дін, рух, ақиқат*

«Ұлттың тілі – ұлттың діні» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы – ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Қай кезде, қай қоғамда болсын тіл мәселесі сол тілден сусындаған ұлттық, діндік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті, оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағы әрбір азаматқа танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Осы тұрғыда Алаш арысы, сыршыл ақын Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиіс. Бір

**THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR**

ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпіндей тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», - деп тіл жайында терең толғанған екен.

Мемлекеттік тіл – мемлекетіміздің аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Қазақ елінде қазақ тілі мемлекеттік деңгейде өркендеуі қажет деп білемін. Оған Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлттардың үлес қосуы маңызды.

Қазақ халқының бар рухани қуатын бойына сіңірген ардақты асылы – тілі. Әр халық өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құнды тағылымдарын таниды. Елінің мәдениетін жасап, келешек ұрпаққа түйген тұжырымдарын жеткізеді. Біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Алайда азаматтар тарапынан да, мемлекет тарапынан да оның толыққанды мемлекеттік тіл болуы үшін әлі де қыруар жұмыстар атқарылуы шарт.

Тіл мәселесі кезең-кезеңімен жүйелі шешіліп келеді. Тілге қатысты көп сөзден гөрі айқын да нақты істер керек. Қазақстанда тілді дамыту үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Біз оған қуанамыз. Ана тіліміз – асыл мұрамыз, рухани байлығымыз. Тіл – халықтың жаны, діні, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы. Сол асыл мұраны аялап, керек даусыз кезінде қорғай білу, дамыту және өскелең ұрпаққа жеткізу баршаның борышы екені адамды адам еткен – тіл. Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да құдіретті. Тіл әрбір адамның бойына ана сүтімен дариды. Оның байлығы әр елдің мақтанышы, атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Тіл – ананың ақ сүтінен бойға сіңген асыл қазынамыз, атамекеніміз. Әр адам баласы өз ана тілін қадірлеуге міндетті. Тіл- дархан даламыз секілді шексіз, шетсіз, ғаламат жеріміздей қасиетті, қазақтың пейіліндей кең, ақ, баба шежіресі сияқты терең екені анық. Тілдің құдіреттілігі де сонда жатса керек. Оның қадір-қасиетін түсінген жан сол қазынаны ұрпағына құнын түсірмей жеткізгенді мақсат етпей ме? Тілдің иесі – кешегі қазақ, бүгінгі қазақтың ертеңгі ұрпағы. Тіл – халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Ертеңгі ұрпаққа тілді жеткізушілер біздің өскелең буын екенін ұмытпағанымыз жөн. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөле ойнауы мүмкін. Мәселен, кезіндегі орхон жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілсіз тірліктің тасы өрге домалайды десе, қателесесіз. Өшше тілім, мен де бірге өшемін! – деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. «Тіл – біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық

### **БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

келбетіміз бен болмысымызды, салт-санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері осындай ойға қонбайтын, солақай сорақыларды көбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

Қазақ тілі – өте бай тіл. Ол шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы. Амал не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра өзге тілде сөйлейтіндер де көп болды. Тіпті туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бердей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік», – деп, ашына айтқаны ойға келеді. Ана тілін ұмытқан адам өз халықының өткенінен де болашағынан да қол үзеді. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ұлттың мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезеңнен басталуы тиіс. Айналады танып білу, туған тілінді білуден басталады.

Қорыта кетсек қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен біте қайнасып жатқан рухани қазына. Әркімнің ана тілі тірлік үшін керек болса, мемлекеттік тіл бірлік үшін керек. Осыны Қазақстанның әрбір азаматының жан жүрегімен ұққаны жөн. Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзінді, өзгені жұбату болып табылады. Бұл – ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз «Тілден асқан байлық жоқ» тон-торқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Әлі-би. Жаңа құрал. – Алматы: Рауан, 1998. – 120 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен публ.мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
3. Байтұрсын І. Алтын бесік. – Қостанай, 1998. – 240 б.
4. Нұпейіс К. Тарихи тұлғалар / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. – 376 б.
5. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: Педагогика Пресс, 2010. – 304 б. Мұрағаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.
6. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. – Астана: Сарыарқа, 2009.

#### **KAZAKH LANGUAGE IS MY GOLDEN TREASURE**

*In the article the State language is the language used in all spheres of public relations in the territory of our country, the language of state administration, law enforcement, court proceedings and document management.*

*Key words: mother tongue, nationality, state language, religion, spirit, truth.*

**А.Д. ҚАНАТ**

*Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты, курсант,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: kanatrasu003@gmail.com*

**ғылыми жетекші – полковник А.В. ЛАДЫГИН<sup>1</sup>, полковник С.Б. МУСАЛИЕВ<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институты,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: anefiyayev1465@gmail.com*

## **ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕРІ**

*Оқу үдерісіндегі жаңа технологиялар мен әдістерін қолдану туралы мәселелері талқыланған. Соның ішінде әскери, арнаулы оқу орындарындағы профессорлық-оқытушы құрамның жаңа технологиялар мен әдістерін қолданудың ерекшеліктеріне тоқталған. Сонымен қатар, баяндамада осы тақырыпқа сай оқу үдерісінде практикалық сабақтарды өткізудің неғұрлым тиімді нысандарының инновациялық әдістеріне қатысты тұжырымдары мен ұсыныстарын айтып өткен.*

*Кілт сөздер: оқу үдерісі, оқу жоспары, жаңа технологиялар, әдістер, белсенді әдістер, мәселелі оқыту, кәсіби білім беру жүйесі, оқытушылар, білім алушылар.*

Еліміз егемендік алғанына отыз бір жылдың көлемі болып калды. Осы уақыт аралығында білім саласын дамытуда әр түрлі жұмыстар атқарылып келеді. Нәтижесінде білім саласы жоғарғы жетістіктерге жеттіп, сапалы мамандарды дайындап шығаруға атсалысып келеді. Оқу үдерісі барысында профессорлық-оқытушы құрам білім алушыларды оқытуда жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануда. Баяндама тақырыбының өзектілігі қазіргі кезде жоғарғы оқу орнынан заман талабына сай сапалы бітірушілерді дайындап шығару үшін оқу орындарында нағыз кәсіби шебер мамандарды шығару үшін жаңа технологиялар мен әдістерді пайдаланудағы ерекшеліктерді ескеру керектілігінен туындайды.

Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілікпен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту, белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану [1, б.24].

Қазіргі уақытта педогогтар оқу үдерісінде көптеген оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін пайдалануда. Солардың бірқатарын атап айтқанда, интер-белсенді оқытудың әдістері:

1. Жұптасып жұмыс істеу;
2. Пікірталастар;
3. Оқытудың компьютерлік технологиялары;
4. Сұрақтар қоюда ынталандыру;
5. Рөлдік іскерлік ойындар;

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

6. Топтық жұмыс:

7. Шағын топтармен жұмыс;

8. Ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.б) [2,б.23].

Жоғарыда көрсетілген оқытудың әдістері жоғарығы әскери, арнаулы оқу орындарында қолданудың ерекшеліктері бар. Біріншіден, осы оқу орындарындағы курсанттар, тыңдаушылар мектеп оқушыларынан ересек болып келеді осы жас шамаларын ескере отыру қажет. Осыған сәйкес, жұптасып, топтасып жұмыс істеу әдісін пайдаланарда, олардың жас ерекшеліктерін ескеріп берілетін тапсырмаларды күрделендіріп беру қажет. Екіншіден әскери, арнаулы оқу орындарын бітірген түлектер. болашақ командирлер, сондықтан сабақ жүргізу барысында оларға көшбасшылық адамдарды басқарушылық және бағалау қасиеттерін қалыптастыруымыз керек. Осыған байланысты, пікір талас оқыту әдісін қолдануда, пікір таластырып жатырған топтардың еңбектерін бағалау үшін, сабақ өткізу кезінде топтардың еңбектерін бағалайтын кем дегенде екі бағалаушы эксперт тағайындау қажет. Бір жағынан бұл оқытушының көмекшісі болады, бір жағынан адамдарға сын пікір айтуға үйренеді. Үшіншіден, бір топта 15-16 курсант болғандықтан олардың ішінде, көш басшы білім алушыларда болады, кептеген сабақтарда осы көшбасшы курсанттар белсене сабаққа қатысып отырады, ал мінезі ұяң немесе сабаққа селқос қарайтын білім алушылар тасада қалып қояды, нәтижесінде бұл курсант сапалы білім алмай қалады. Дұрыс білім алмаған курсант кейін оқыған оқу орнына кір келтіреді және оқу орнының абыройын түсіреді. Осындай келенсіз жайттарға жеткізбес үшін, топтағы барлық курсанттар мен тыңдаушыларды белсенді жұмыс істеуін оқытушы қамтамасыз етуі қажет. Осы тұста, практикалық сабақтарда оқытудың рөлдік іскерлік ойындар әдісін пайдаланса мол жемісін береді. Атап айтсақ, топты бірін басшы, бірін орынбасары, бірін бас маман, тағы біреуін кеңесші және тағы басқа қатардағы қызметкерлердің рөлдерін бөліп беріп, топтағы жоғарыда атап өткен сабаққа селқос қарайтын, тасада қалып қоятын білім алушыны басшы ретінде тағайындау керек. сонда бұл курсантта біріншіден командирлік білік, дағдылары қалыптасады, екіншіден сабаққа селқос қарамай белсене араласатын болады.

Оқу үдерісінде оқытудың жана технологиялары мен әдістерін пайдалану үшін сабақ жоспарын ауқымды етіп құрып пайдалануда мол жетістіктерге жеткізеді. Атап айтатын болсақ, осы баяндаманы дайындау барысында ізденіс кезінде әртүрлі ақпарат көздері зерттелді. Содан тиімді бір мысал ретінде төмендегі зерттеу үлгі болып отыр.

Атап айтсақ, сабақ жоспарын құрудың көптеген жолдары бар. Ең тиімді әдіс тердің бірі Қытай, Ұлыбритания және Канада сияқты елдерде білім беру ұйымдары табысты пайдаланатын BOPPPS моделі. Бұл модел - сабақты білім алушыларға қызығушылығын қамтамасыз ету үшін сабақ жоспарын ұйымдастырудың тәсілі, бұрынғы тренингтерге негізделген және білім беруді үйлестіреді. BOPPPS үлгісінің төменде көрсетілетін алты компоненті сабақты құрастыру мен жүргізуде өте пайдалы. BOPPPS-шешуі: 1) Bridq-in- көпір салу; 2) Objective-мақсат және нәтиже; 3) Pre-assesment - алдын ала бағалау; 4) Participatory Leaming - белсенді оқыту; 5) Post-assesment - жалпы бағалау; Summary - қорытындылау.

BOPPPS моделі Британдық Колумбия Университетінің (Канада)оқу және академиялық өсу орталағымен сабақ жоспарларымен әзірлеу бойынша нұсқаулық ретінде әзірленген.

Бұл модел-оқытушыларға тренингтер мен семинарларды ұйымдастыруға көмектесетін құрал.Ол тренингтің негізгі элементтерін,атап айтқанда көпір салу,сондай-ақ курсанттардың назарын аударудың басқа әдістерін атап өтуге көмектеседі.

Шығармашылық іс-әрекетке оқытушылардың ой-өрісімен қызығушылықтарын арттыру.

***THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR***



ВОПППС моделі-сабақты жоспарлаудың тамаша бастамасы болып табылады,себебі ол оқыту мен ұйымдастырудың қарапайым картасын ұсынады.

ВОПППС моделі:

Сабақтың мақсаты туралы білім алушылардың мүдделеріне үлке мән береді;

Белсенді оқуға тартады;

Мақсатына қол жеткізеді ма,соны анықтайды;

Негізгі сәттерді жинаптап,сабақты бекітеді.

ВОПППС моделін қолдану мынадай нәтижелерге қол жеткізеді, ВОПППС үлгісіндегі қорытындыларды мыналарды қамтуы мүмкін:

Негізгі мәселелерді қарастыратын оқытушымен мазмұнды шолу;

Топтық оқытуды көрсету мен талқылау уақыты;

Кері байланыс беруге және алуға мүмкіндігі;

Қабылданған мазмұнның, маңыздылығын,оны нақты өмірде қолдау мүмкіндігін кеңейту;

Кез-келген адамның сөз сөйлеу мүмкіндігі;

Не жоспарланғанын. Не орындалмағанын талдау

ВОПППС моделінің тағы бір пайдасы топтың барлығын жұмыс істетуге, өзара іс-қимылды ұйымдастыруға және әр курсанттың сабаққа деген шығармашылық қабілетін арттыруға толық мүмкіндік береді. Айта кетсек бір тапсырмаға сәйкес, әр білім алушының жаңа көзқарастағы өз идеялары пайда болады.[3,б.23]

Тағы бір айта кететін жайт, қазіргі уақытта мәселелі оқыту технологиясы жиі қолданылуда. Мәселелі оқыту бұл оқытушының жетекшілігімен мәселелі жағдай мен білім алушылардың оларды шешу бойынша белсенді дербес қызметін құруды талап еткеніндей оқу сабақтарын ұйымдастыру, нәтижесінде кәсіби білімді, дағдылар мен машықтарды шығармашылық тұрғыдан менгеру және ойлау қабілеттерін дамыту жүреді. Бұл технология курсанттардың қандай да бір салада мәселені жағдайды дұрыс құруына негізделген.

Кез келген ғылыми шығармашылық мәселелі жағдайдың туындауына, карама қайшылықтарға тап болуынан басталады. Бұл ретте зерттеуші таңданысты немесе қиындықты сезінеді, бұл оны нақты ойлау қызметін орындауға мәжбүрлейді: карама-қайшылықты түсіну және сұрақты тұжырымдау. Сабақтың жаңа білімді ашу барысы мен білім алушылардың бойында осы жаңа білімді менгеруге деген ниетін ояту мәселені тұжырымдау кезеңіне байланысты.

Мәселелі оқыту курсанттар тарапынан жанды пікірталас, талқылаулар, эмоциялар тудырып, қызығушылық, ойлану, іздену ортасы құралады. Білім алушылар іс-қимылын өздері жоспарлайды,іс-қимылға материалдарды іріктейді, өз қызметін бақылайды және онын нәтижесін бағалайды, бұл білім алушының оқуға деген көзқарасына оң әсерін тигізеді [4, б. 31].

Жоғарыда мәселелі оқытуға қатысты анықтамада айтып өткендей, қысқаша айтқанда мәселелі оқыту бір салада мәселені жағдайды дұрыс құруына негізделген. яғни осы ведомства аралық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысып отырған қатысушылардың барлығы дерлік әрқайыссымыз белгілі бір салада мамандарды дайындап шығарамыз. Яғни бұл оқытуды барлығымыз пайдаланамыз. Сондықтан мәселелі оқытуда кейбір ерекшеліктерді ескерген жөн деп санаймын. Атап айтқан да, мәселелі жағдайды ұсынар алдында, курсанттардың ой-өрісін, мінез-құлқын және алғырлық қасиеттерін ескерген дұрыс. Өйткені кейбір курсант алғыр болса оған қиындау жағдаяттық тапсырма беру арқылы, ал курсанттың ойлау қабілеті орташа және мінез-құлқы ауырлау болса оған басқаша тапсырмалар беріп, алғырлар қатарына қосу.

Тағы бір ерекшелігі білім алушылардың қателерін оған айтпай түсіндіру, яғни олар өздерінің қателіктерін басқаларға қарап түсінеді. Мәселелі оқытуда аудиторияның соңында сабаққа қосылмай немесе тындамай отырған курсанттар

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

болмайды. сабаққа барі қосылады. Ол үшін сабақты алдымен аталған курсанттарды тарта отырып және қызықтыра отыра жүргізу қажет.

Мәселелі оқытудың нәтижесінде, курсанттар мен тыңдаушылар болашақта орындайтын міндеттерінде практикалық қызметінде пайдаланып, шешімдерді қабылдауларына көп көмегін тигізеді.

Енді бізде дүние жүзі пайдаланатын - кейс әдісіне тоқталайық. Кейс-технология - оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалдық оқу әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеру үшін жіберуге негізделген. Кейс технологиясы (ағылшын case - портфель) оқытуға арналған әдістемелік материалдармен жүзеге асырылады.«Кейс-стади» әдісі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құралы.

«Кейс-стади» әдісі оқытушының креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Белгілі жағдайды талдау - нақты немесе ойдан шығарылған жағдайды терең және бөлшектеп талдау.

Кейс-стадияның мақсаты: топ курсанттарының бірлесіп болған жағдайды талдау және практикалық шешім шығару. Курсанттарға болған жағдайды толық мәлімдейтін мәтін ұсынылады. Білім алушылар жағдаймен танысады, оны өз бетінше талдайды және оны шешудің бірнеше жолын табады. Үрдістің аяқталуы - ұсынылған алгоритімдерді бағалау және олардың ең үздігін таңдап алу. Кейс сабақтарында алдын-ала дайындалып қойылған жағдаяттар бойынша жұмыс істейді. Кейстік амал тәсілде, әрбір топ өзінің шығарған шешімдерін басқа топтардың алдында дәлелдейді.

Зерттеушілер бұл кейс әдісті белсенді әдістердің қатарына қосады. Яғни бұл әдістің күшті жақтары көп, топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді, аз ақпаратты қолдану арқылы белгілі бір шешім шығару, білім алушылар білім алып қана қоймай, теориялық тұжырымға тереңірек енеді, жаңа модельдер құруға мүмкіндік береді. Тағы бір ерекшелігі кейс әдісі білім алушылардың дайындығын талап етеді. Курсанттардың дайындықсыздығы және даму аздығы кейсті жәй талқылаумен ғана шектеледі. Сондықтан, кейс әдісін жоғарғы курста оқытын білім алушыларға қолданған дұрыс [5,б.21].

Білім саласында кейсті қолдануда оқытушылардың шеберлігін талап етеді. Сондықтан сапалы өткізу үшін кезең-кезендерге бөлу қажет. Атап айтқанда, дайындық кезеңі - оқытушы сабақтың мақсатын нақтылайды, тиісті «нақты ситуациялық тапсырманы» және сабақтың сценарийін дайындайды. Таныстыру және тапсырма беру кезеңі-нақты ситуациялық тапсырманы білім алушылармен тікелей талқылау (бұл кезде маңыздысы - материалдарды таныстыру үшін ең тиімді түрін ұсыну), бұл кезеңде әр білім алушыны танып білу (белсенді оқытуда мүмкіндік болса курсанттармен мәдени орындарға бірге барып жақын танысу) маңызды. Танып білу курсанттарды топ-топқа бөлуге керек. Келесі талдау кезеңі топта ситуацияны талдау, шешім шығару үдерісі (бұл жерде үдеріс уақытпен шектелуі қажет). Соңғысы қорытынды кезең топтардың талдау жұмыстарының нәтижелерін презентациялауы, бір мәселенің шешімінің бірнеше нұсқаларын салыстыру.

Кейсті сапалы және тиімді өткізу үшін кейс төмендегідей болу қажет:

- Алға қойған мақсатына нақты сай болуы керек;
- Тиісті қиындық туғызатын дәрежесі бар;
- Қаралатын мәселенің бірнеше аспектілері көрсетілуі қажет;
- Өте ерте ескірмейтіндей;
- Бүгінгі күнге өзектілігі;
- Сол типті ситуацияны көрсету;
- Талдаулық ойлауды дамыту;

***THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR***

- Пікір-таласты тудыратын
- Бірнеше шешімдері бар болуы.

Баяндамамды қорытындылай келе, кәсіби білім беру жүйесінде оқу үдерісі барысында профессорлық-оқытушы құрам білім алушыларды оқытуда жаңа технологиялар мен әдістерді қолдану кезінде ұйымдастыру кезеңдеріне мән беру қажет екендігімен тұжырымдаймын.

Сонымен қатар, әскери, арнаулы оқу орындарының оқу үдерісінде практикалық сабақтарды өткізу кезінде, әрбір білім алушының мінез-кұлқын және жеке, іскерлік қасиеттерін ескеру қажеттігін ұсынамын.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІ Заңы (ҚР 2013 жылғы 13 маусымдағы № 102-V Заңымен енгізілген өзгертулермен) ҚР білім туралы заңнама жинағы-Алматы 2013.-23-24 беттер.
2. Ауезова Ф.Ж. Педагогика мәселелері: Республикалық педагогикалық ғылыми-теориялық журнал. - Алматы, № 2-3 2020.-22-23 беттер.
3. Кунакбаева Ж.Б. Педагогика мәселелері: Республикалық педагогикалық ғылыми-теориялық журнал. - Алматы, №1 2020.-22-23 беттер.
4. Шаповалова С.Н. Білім беру ұйымының әдіскері журналы. - Алматы, №2 (62) 2020. - 31 бет.
5. Долгоруков А.М. Casestudy как способ (стратегия) понимания // «Практическое руководство для тьютора системы Открытого образования на основе дистанционных технологий» М.Центр интенсивных технологий образования. 2002. - б.21.

#### **NEW TECHNOLOGIES EDUCATIONAL EDUCATION USAGE MESSELERT**

*The raport touches upon the problems of using new technologies and teaching methods in the educational process. In particulat, issues related to the specifics of the application by the teaching staff of new technologies in special education are considered military education are considered, military educational institutions. And also, the salary focuses on the practical application of the most effective methods and technologies in conducting practical.*

*Keys words: educational process, scienfitic plan, new technologies,methods, active methods, problems training, vocational education system, teachers, trainess.*

#### **Д.М.КЕНЕБАЙ**

*Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи, курсант,  
Республика Казахстан, город Алматы*

#### **А.В.БУТЕНКО**

*Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи,  
преподаватель кафедры зенитных ракетных войск,  
магистр педагогических наук,  
Республика Казахстан, город Алматы*

#### **КУЛЬТУРА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ВОИНСКОМ ПОДРАЗДЕЛЕНИИ У КУРСАНТОВ ВОЕННЫХ ВУЗОВ**

*В статье рассмотрены особенности образовательного процесса в военном ВУЗе, критерии диагностики уровня воспитания культуры взаимодействия у курсантов военного ВУЗа, введены этапы апробации контрольных точек. Практическая значимость исследования состоит в разработке диагностического инструментария определения уровня воспитанности у курсантов военного ВУЗа,*

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

*реализации педагогических условий воспитания. Основные мероприятия данной работы направлены на результативность любой деятельности, которая зависит не только от умений и индивидуальных качеств личности, но и от способности индивида включаться в совместную деятельность, от сформированной культуры социального поведения.*

*Ключевые слова: процесс воспитания культуры взаимодействия, педагогические условия, критерий диагностики уровня воспитанности, диагностики уровня воспитанности, сравнительный анализ, диагностический инструментарий.*

Современный этап развития Вооруженных Сил характеризуется усилением внимания совершенствованию системы военного образования. Практика показывает, что необходимо не только пересмотреть содержание обучения, но и сосредоточиться на морально-психологической подготовке курсантов, развитии профессионально значимых качеств личности. Основной задачей высшего военного образования является подготовка специалиста с высоким уровнем интеллектуального, физического, нравственного и культурного развития. Выпускник военного вуза должен быть высоконравственной, социально зрелой личностью с развитым потенциалом взаимодействия, с готовностью к сотрудничеству, к установлению профессиональных и личностных контактов и т.п. Лишь такой многосторонний подход обеспечит подготовку военного специалиста, соответствующего современным требованиям армии и общества.

Известно, что результативность любой деятельности зависит не только от умений и индивидуальных качеств личности, но и от способности индивида включаться в совместную деятельность, от сформированной культуры социального поведения. В современной ситуации, когда все больше расширяется коммуникативная сфера жизнедеятельности, появляются новые формы контактов, необходимость организации не только непосредственного, но и опосредованного общения в совместной деятельности, можно сказать, что культура взаимодействия является социальным заказом общества на подготовку квалифицированного специалиста. В основе культуры взаимодействия в воинских подразделениях лежит уважительное отношение к человеку в соответствии с общечеловеческими ценностями, позитивное воздействие участников взаимодействия друг на друга, кооперативный характер деятельности.

Тем не менее, традиции, сложившиеся в военном образовании могут играть как положительную, так и отрицательную роль в развитии культуры взаимодействия в воинских подразделениях у курсантов военных вузов. С одной стороны, военные ритуалы, церемонии, история обладают мощным воспитывающим потенциалом, с другой стороны, жесткая регламентация, субординация, уставной характер взаимоотношений, отсутствие внимания к индивидуальности может привести к деформации характера взаимодействий и, как следствие, не готовности выпускников к совместному решению боевых задач. Поэтому в образовательном процессе военного вуза необходимо создание педагогических условий, способствующих развитию культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военных вузов.

Общую характеристику взаимодействия можно найти в работах Л.А.Витвицкой, Е.В.Коротаевой, О.А.Чебыкиной и др. Как правило, исследования авторов нацелено на рассмотрение какого-либо конкретного вида взаимодействия. Так, например, обсуждаются вопросы развития: конструктивного взаимодействия (В.С.Смирнов, О.А.Чебыкина и др.), межличностного взаимодействия (А.А.Лопатченко, И.Н.Смоляков и др.), интерактивного взаимодействия (Л.А.Пескова), межгруппового взаимодействия (А.Ю.Наумов), межкультурного

взаимодействия (А.И.Тюнякин), межнационального взаимодействия (В.В.Ильюшкин), уставного взаимодействия (Р.В.Михайлов) и др.

Ученые Республики Казахстан (Р.Бектаева, С.С.Мнайдарова, Р.С.Сарсенова, Р.С.Сеитова, Г.Т.Хайруллин, С.К.Шаймерденова и др.) также рассматривали различные аспекты воспитания культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военных вузов.

Применительно к системе образования в большей степени рассматриваются вопросы педагогического взаимодействия, в результате которого происходит личностное развитие обучающегося (Е.Л.Гаврилова, Е.С.Зубарева, О.В.Иванова, В.Ф.Северина и др.).

С учетом специфики военного вуза вопросы воспитания культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военных вузов рассматривались О.В.Малаховым, А.Ю.Наумовым, П.В.Поветьевым, И.Н.Смоляковым и др.

Особого внимания заслуживают работы Р.В.Михайлова, где охарактеризована культура уставного взаимодействия, В.С.Смирнова, предлагающего совокупность педагогических условий формирования опыта конструктивного взаимодействия у курсантов в трудных ситуациях жизнедеятельности.

Рассмотрение способов развития взаимодействия в военном вузе с точки зрения его культурного содержания не нашло отражения в научно-педагогической литературе.

Анализ научно-педагогической литературы по проблеме воспитания культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военных вузов позволил выделить противоречия:

- между потребностью общества к подготовке квалифицированного специалиста в военной сфере, обладающего готовностью к конструктивному взаимодействию в профессиональной деятельности и отсутствием акцентированного внимания к ценностно-смысловой составляющей содержания взаимодействия в воинском подразделении;

- между особенностями образовательного процесса в военном вузе, которые могут оказать негативное влияние на развитие культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военных вузов и недостаточным уровнем научного обоснования педагогических условий способствующих ее развитию.

Имеющиеся противоречия позволили сформулировать проблему исследования: каковы педагогические условия воспитания культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военного вуза?

Объект исследования: процесс воспитания культуры взаимодействия в воинском подразделении у курсантов военного вуза.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
Сорбонна – Қазақстан институты, 4 курс студенті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: Konysbek0.01@mail.ru*

**ғылыми жетекшісі – А.Ә. САБИТОВА**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
Сорбонна – Қазақстан институтының директоры,  
заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: a.sabitova@sorbonne.kz*

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛА АСЫРАП АЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Бұл мақала халықаралық және ұлттық құқықта, шет елдердің заңнамасында шетелдік бала асырап алудың өзекті мәселесіне арналған. Мақалада халықаралық бала асырап алудың құқықтық мәртебесінің негізгі аспектілері, Халықаралық бала асырап алуды құқықтық реттеу, халықаралық бала асырап алудың құқықтық өзгешеліктері, сонымен қатар бала асырап алумен байланысты құқықтық аспектілер, халықаралық бала асырап алудың негізгі қайна көздері, халықаралық бала асырап алудағы шет ел тәжірибиесі қарастырылған.*

*Кілт сөздер: бала құқығы, халықаралық асырап алу, бала асырап алу ұлттық заңнама, конвенция, шетел азаматы, Гаага Конвенциясы, Еуропалық конвенция.*

Халықаралық бала асырап алу процесі Қазақстанда тоқсаныншы жылдардан бастау алғанымен одан туындаған мәселелер еліміз үшін үшін өзектілігін жойған жоқ. Қазақстан заңнамасында Қазақстан азаматтарының балаларын шетелдік азаматтар немесе азаматтығы жоқ адамдар асырап алу мүмкіндігі қарастырылған. Сонымен қатар, соңғы жылдары халықаралық бала асырап алу өте кең таралған. Шетелдіктер дені сау және ауыр науқас балаларды қамқорлығына ала-алады және олар үшін жаңа отанында барлық қажетті жағдайлар жасалған. Өкінішке орай, кейде шетелдік азаматтар қазақстандық балаларды асырап алған кезде, олардың құқықтары бұзылады. Кейбір жағдайларда қазақстандық балаларды асырап алған шетелдік азаматтар олардан бас тартып, зорлық-зомбылық көрсетіп қатыгездік танытады. Мұндай жағдайлар Қазақстанның назарын аударады, Отандық заңнама балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды маңызды және жауапты міндеттердің бірі деп санайды.

Бала асырап алу әдетте асырап алушылар мен бала арасындағы ата-ана мен бала арасындағы жеке және мүліктік қатынастарды орнатуға бағытталған құқықтық акт ретінде түсіндіріледі. Халықаралық бала асырап алу ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың нысаны болып табылады, оларды тиісті өмір сүру деңгейін және тиісті күтімді қамтамасыз ете алатын шет мемлекеттің азаматтарына қамқорлыққа беруді көздейді. Мұндай бала асырап алу көбінесе "шетелдік элементтің болуымен қиындатылған" бала асырап алу деп аталады. Ол заңды факт ретінде бала асырап алудың шет елдердің құқық нормаларымен өзара байланысын белгілейтін халықаралық құқық нормаларымен реттеледі. Халықаралық бала асырап алу ұғымы бала асырап алушылар мен асырап алушылар әртүрлі елдердің азаматтары болған жағдайларда, сондай – ақ бала асырап алу фактісі бала асырап алушы шыққан мемлекеттің заңнамасының ережелеріне сәйкес бала туған елден тыс жерде болуы тиіс.

Қазіргі уақытта Халықаралық құқық бала асырап алу мәселелерін реттейтін халықаралық құқықтық актілерде көзделген бала асырап алуға қойылатын жоғары стандарттар мен талаптарды белгілейді. Әмбебап құжаттарға юрисдикция, қолданылатын құқық және бала асырап алу туралы шешімдерді тану туралы Конвенция және шетелдік бала асырап алуға қатысты балаларды қорғау және ынтымақтастық туралы конвенция жатады. Еуропалық деңгейде Страсбург қаласында жасалған бала асырап алу туралы Еуропалық конвенцияны жатқызуға болады.

1993 жылы Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы Гаага Конвенциясының қабылдануымен асырап алынған баланың асырап алған еліне көшуіне қатысты қатынастар реттелді.

Жоғарыда келтірілген бала асырап алу саласындағы халықаралық келісімдер халықаралық бала асырап алудан материалдық және өзге де пайда алу әрекеттерінің жолын кесуді көздейді.

Страсбург конвенциясы соттың немесе басқа құзыретті органның күшіне енген шешімі болған кезде бала асырап алудың заңды маңызы бар екенін айқындайды. Патронаттық ата-аналар Конвенцияның ережелеріне сәйкес гетеросексуалды ерлі-зайыптылар, некеде немесе тұрақты бірге тұратын, тіркелген серіктестіктер және жалғызбасты адамдар болуы мүмкін.

Сонымен қатар, Конвенцияда бала асырап алған отбасының толыққанды мүшесі болғаннан кейін оның биологиялық ата-анасымен және ол туылған отбасының басқа мүшелерімен туыстық байланысы тоқтатылатыны атап өтіледі (11-бап). Сонымен қатар, бала өзінің шығу тегі туралы ақпаратқа қол жеткізуге құқылы.

Әлемнің әртүрлі елдерінің заңдары бала асырап алудың салдарын әр түрлі анықтайды.

Мысалы, Румыния Республикасының Заңында халықаралық жеке құқық қатынастарын реттеуге қатысты ереже бекітілген, оған сәйкес ерлі-зайыптылар баланы бірлесіп асырап алған кезде некенің жалпы салдарын реттейтін құқықпен маңызды шарттар белгіленеді. Бала асырап алудың жарамсыздығына келетін болсақ, ол маңызды жағдайлар бөлігінде асырап алушының да, асырап алынатын баланың да жеке заңына бағынады.

Бельгия заңнамасы бойынша бала асырап алу арқылы туыстық қатынастарды орнату осы кезеңде бала асырап алушы (асырап алушылар) азаматы (азаматтары) болған мемлекеттің құқығымен реттеледі. Егер бала асырап алушылардың азаматтығы болмаса, бала асырап алу арқылы туыстық қатынастарды орнату бала асырап алушының (асырап алушылардың) аумағында тұрақты тұрғылықты жері бар елдің құқығымен, ал ол болмаған жағдайда Бельгияның құқығымен реттеледі.

Қазіргі кезде шет елдердің заңнамаларында бала асырап алу мәселелері бала асырап алушы үшін неғұрлым қолайлы құқықты қолдану қағидатына сәйкес егжей-тегжейлі реттеледі.

Жалпы, әлемнің бірқатар елдерінде шетелдік азаматтардың бала асырап алу мүмкіндіктеріне айтарлықтай шектеулер бар екенін атап өткен жөн. Олардың ішінде, Канада, Австралия, Таяу Шығыс елдері және көптеген Африка мемлекеттері. Қазақстан Республикасында халықаралық бала асырап алу институтын қатаң құқықтық реттеу қарастырылған.

Ресми мәліметтерге сәйкес елімізден 1999 жылдан бері 8 мыңнан астам қазақстандық бала шет елге асырауға берілген. Бүгінгі таңда әлемнің отыз мемлекетінде Қазақстандық балалар шет елдік асырап алушылардың тәрбиесінде. Асырап алынған балалардың басым бөлігі Америка (6 мың бала), Испания, Белгиясында әлемнің озық мемлекеттерінде.

ҚР заңнамасына сәйкес шетелдіктер асырап алған қазақстандық балалар кәмелет жасына толғанға дейін ҚР азаматы болып саналады. Қазақстан

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Республикасында қос азаматтыққа жол берілмейді. Дегенмен шетелге асырауға берілген қазақстандық азаматтарға осындай артықшылықтар қарастырылған.

Сонымен қатар шетелдіктер асырап алған қазақ балалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет қорғауына алынған. Оларды асырауға берілген елдегі ҚР консулдығы тіркеуге алып ұдайы қадағалап отырады. Сондай ақ асырап алынушылар кәмелеттік жасқа толғанда Қазақстан азаматтығын алуға немесе өзі асырауға берілген елдің азаматтығын таңдауға құқылы. Қазіргі уақытта дәл осындай жағдаймен 5000 адам ҚР азаматтығынан айырылған.

Жоғарыда атап өткендей шет елге асырауға берілген қазақстандық балалардың құқықты бұзылған жайыттар аз емес. Мысалы ретінде АҚШ тың Массачусетс штатындағы Джозеф пен Линда Мэйоттың ісін назарға алсақ болады. Уайтенвилл шағын қалашығында тұратын Майоттар 2004 жылы қазақстандық балаларды – ағасы мен әпкесін асырап алған. Ол кезде бала 13 жаста, қыз сегіз жаста болған. Сот отырысында берілген айғақтарға сәйкес, балалар Мэйот отбасына келгеннен кейін көп ұзамай олар асырап алған ата-аналары тарапынан жылыстық сипаттағы қысымға ұшыраған.

2009 жылы Джозеф пен Линда Мэйотқа асырап алынған балаларын зорлады деген айыппен қамауға. Олардың соты 2013 жылдың шілдесінде басталды. Сотта ерлі-зайыптылардың кінәсі дәлелденіп сот шешімімен 50 жастағы Джозеф Майотт 16 жылдан 20 жылға дейін, ал оның 49 жастағы әйелі Линда 18 жылдан 22 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді.

Қорытындылай келе, бала асырап алу күрделі құқықтық мәселе ретінде тараптардың, ең алдымен баланың мүдделерін сақтаудың белгілі бір кепілдіктерін талап ететіні анық, өйткені бала асырап алу кезінде жіберілген қателіктер баланың, сондай-ақ оның ата-анасы мен асырап алуға ниет білдірген адамдардың құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін. Шет мемлекеттің заңнамасы шет елде бала асырап алудың кейінгі тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, бұл өте маңызды, өйткені шетелдік асырап алушы әдетте баланы өз еліне тұрақты тұруға апарды. Бұл талап халықаралық құқық нормаларымен бекітілген. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, шетелдік асырап алушылар әрқашан ұлттық және халықаралық заңнаманың талаптарын адал орындай бермейді. Бұл жағдайда бала асырап алушы мен баланың шыққан мемлекетінің құзыретті органдарыны асырап алушы ата-аналарды үнемі бақылауда ұстауы маңызды рөл атқаратыны белгілі.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Мансурова Ж. М. Правовые аспекты, определяющие условия международного усыновления // Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Сер.: Общественные науки. 2001. № 1 (45). С. 26–32.
2. Международное частное право : учеб. / Л. П. Ануфриева [и др.] ; отв. ред. Г. К. Дмитриева. 2-е изд., перераб. и доп. М. : ТК Велби : Проспект, 2004. 688 с
3. А.С. Тойшыбеков Особенности международного усыновления РК ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. №6(44). 2009 жыл
4. 4. Бала құқықтары туралы конвенция (БҰҰ Бас Ассамблеясы 20.11.1989 жылы бекіткен)
5. 5. Л. Нысанбекова Халықаралық жеке құқық «Жеті-жарғы» баспасы 2013 жыл [271-275] бет.
6. Ақниет Оспанбай «Шетелге берілген балалар - Қазақстан оларға 18 жасқа дейін жауапты» <https://turkystan.kz/> 01.11.2016 жыл
7. «12 жылдың ішінде шетелдіктер Қазақстаннан 8 791 бала асырап алған — Шыңғыс Мұқан» <https://adyrna.kz/post/132189>

### **LEGAL ASPECTS OF INTERNATIONAL ADOPTION.**

*The article is devoted to the actual problem of foreign adoption in international and national law, legislation of foreign countries. The article considers the main aspects of the legal status of international adoption, legal regulation of international adoption, legal features of international adoption, as well as legal aspects related to adoption, the main legal sources of international adoption, foreign experience of international adoption.*

*Key words: Child rights, international adoption, adoption, national legislation, foreign citizen, Hague Convention, European Convention.*

**Г.Н. ШАНБАЕВА<sup>1</sup>,**

**И. ЖАНАЛИНА<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>НАО Университет Нархоз, преподаватели Высшей Гуманитарной школы,  
магистр социальных наук, магистр филологии,  
Республика Казахстан, город Алматы*

### **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ОНЛАЙН ОБРАЗОВАНИЯ**

*Образовательными системами являются все те социальные институты , главной целью которых является образование человека. К образовательным системам относятся, таким образом, начальная и средняя школа, колледжи, высшая профессиональная школа, различные системы повышения квалификации и переподготовки кадров .*

*Ключевые слова: онлайн-образование, наука, система.*

Образовательные системы , как и любые системы вообще, имеют свою структуру, состоят из определенных элементов, которые взаимосвязаны между собой. Взаимодействие различных элементов образовательной системы или ее подсистем направлено на достижение общей для системы цели, общего позитивного результата. Такой конечной целью любой образовательной системы является обучение, воспитание и развитие личности. Мерилом достижения этой цели является результат, который, в конце концов, всегда надо искать в личности выпускника, а не в безличных новообразованиях типа технологий обучения, методик воспитания, организации учебного процесса, создания материальной базы и т.д. Развитие учащегося как личности, как субъекта деятельности является важнейшей целью и задачей любой образовательной системы и может рассматриваться в качестве ее системообразующего компонента (2, стр.563-564). В современных рыночных условиях, когда существуют два подхода в образовании это образование в традиционных университетах и онлайн образование, многие считают, что онлайн-образование это для тех, у кого нет средств на обычный университет (США и Западная Европа). В связи с вышеупомянутыми положениями, мы решили проанализировать материалы Барбары Оакли — профессора инженерных наук Оклендского университета, соавтора одного из самых популярных курсов онлайн-образовательной платформы Coursera «Как учиться учиться». Широкая известность к Оакли пришла в начале 2010-х, после того как выяснилось, что ее курс, записанный всего за \$5 тыс., оказался так же популярен, как все онлайн-курсы Гарварда, вместе взятые. Мы составили таблицу «плюсы» и «минусы» онлайн-образования и образования университетского (см Таблицу №1).

**Таблица №1. «Плюсы» и «минусы» онлайн-образования и университетского образования (из интервью Б.Оакли)**

<b>О профессиональном уровне специалистов образовательных учреждений-университета:</b>	
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Плюс+»</b>
В интернете обучающийся легко найдет курс, который ведет один из лучших в своей сфере специалистов.	В университетах половина преподавателей, имеющие ученую степень именно в определенной области научной сферы, что расширяет возможности обучающимися для развития профессионально-важных качеств.
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Минус-»</b>
Онлайн-образование во многих отношениях лучше того, которое можно получить в университете.	Половина преподавателей в обычном университете ниже среднего уровня.
<b>Помехи, трудности обучения в онлайн обучении и в традиционном университетском учебном процессе</b>	
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Минус-»</b>
При обучении онлайн нет тех помех, которые есть в аудитории университета (например, отсутствие поездок в университетскую аудиторию и т.д.).	Для того, чтобы попасть в аудиторию обычного университета, студентам нужно ехать через пробки, искать парковку, идти в снег или дождь
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Минус-»</b>
Обучающийся может повторно запустить ролик и заново послушать, что говорит преподаватель, или прочитать расшифровку его лекции. Это намного эффективнее для индивидуального обучения.	В вузовской аудитории кто-то разговаривает у обучающего под ухом, кто-то хлопает дверью. Студент не может сфокусироваться на том, что изучает.
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Минус-»</b>
Онлайн курс начинается с основ нейронауки, использования метафор для того, чтобы заметно упростить материал обучения В рамках конференции EdCrunch 2019года Барбара Оакли рассказала в интервью РБК о том, какую революцию в обучении совершат современные знания о мозге.: Подробнее на РБК <a href="https://trends.rbc.ru/trends/education/5dd26f5a9a79476f60815ced">https://trends.rbc.ru/trends/education/5dd26f5a9a79476f60815ced</a>	Если вы попросите педагогический университет сделать подобный онлайн курс, то преподаватели две недели будут рассказывать об истории образования, еще две недели — о различных теориях образования, еще две недели — о том, как учатся маленькие дети, и в конце немного расскажут, как эффективно учиться самим обучающимся. При этом в курсе даже не упомянута нейронаука, поскольку это достаточно сложно.
<b>Реакции студентов на предлагаемые курсы обучения</b>	
<b>«Плюс+»</b>	<b>«Плюсы и минусы-»</b>
До того, как вышел <b>онлайн-курс «Как учиться учиться»</b> у Б.Оакли уже было больше 100 тыс. подписчиков, так как в содержании данного курса были полезные, несложные идеи. Успех этого прост, считает Б.Оакли, раньше мало кто задумывался, как лучше использовать мозги и основы нейропсихологии, чтобы узнавать новое, эффективно учиться. Когда человек получает возможность использовать знания нейронауки, появляется возможность выучить много такого, на что обучающийся раньше и не надеялся и не рассчитывал.	Связь онлайн обучения с нейропсихологией закономерна, так как заглянуть внутрь мозга и понять как он работает, человечество смогло только в последние лет десять, на рубеже 21 столетия Многие из прежних представлений о процессе обучения оказались неправильными. Другие были правильными, но было непонятно, научно необоснованно, почему это работает по таким механизмам Люди могут учиться в традиционной системе образования по 12–16 лет, но их не учат тому, как наиболее эффективно учиться, а только говорят: выучи вот это или вон то другое.
<b>Некоторые подходы к образованию</b>	
<b>«Плюсы и минусы-»</b>	<b>«Плюсы и минусы-»</b>
Образование нужно поставить на более прочную научную основу. Нужно преподавать, основываясь на знаниях о том, как мозг человека может наиболее эффективно усваивать знания. В современных научных	Некоторые подходы к образованию в настоящее время не имеют надежной научной базы, они популярны только потому, что их предложил харизматичный преподаватель, который сделал какое-то одно исследование. По-настоящему



знаниях уже многое об этом известно.	широкой научной базы у этих методов может и не быть. Проблема в том, что информация о роли и месте нейробиологии в системе обучения противоречит нынешней теории образования, ее игнорируют.
<i>Критика онлайн-образования — это просто некоторый снобизм со стороны университетов, которые боятся конкуренции (Барбара Оакли).</i>	

Таким образом, в условиях конкуренции в системе образования, большинство исследователей в целом придерживаются позиции, что в образовании будущего найдется место и для онлайн обучения и для обучения лицом к лицу, в обычных университетах. Онлайн успешно учатся студенты с высокой мотивацией, которые имеют потребность в освоении профессии на высоком уровне, ориентированы на получение прочных профессиональных знаний и практических умений. Учебные мотивы слабых студентов в основном внешние, ситуативного характера: избежать осуждения и наказания за плохую учебу, не лишиться стипендии (А.А. Реан, В.А. Якунин, Н.И. Мешков). Поэтому для таких обучающихся нужно больше структурированности, и личный контакт с преподавателем. Для общества необходимо сочетать эти два подхода: онлайн обучение и традиционное обучение лицом к лицу в обычных университетах.

Принципы обучения онлайн-курс «Как учиться учиться» на которые опирается Б.Оакли сформулирован так: «То, как вы учитесь, зависит от того, как работает ваш мозг». Популярность онлайн курса и секрет этого и причины разные. Во-первых, основная причина популярности онлайн курса в том, что он не учит учиться обычным скучным способом. В отличие от традиционного подхода, который существует в педагогическом университете в онлайн курсе «Как учиться учиться» (Б. Окли) все перевернуто с ног на голову. Начинается онлайн курс с основ нейронауки, использования метафор для того, чтобы заметно упростить материал обучения. Используя нейронауку можно учиться более эффективно, считает автор, такова реальность. Во-вторых, в целом изменен подход к подготовке онлайн курса так как к процессу подготовки привлечен один из ведущих мировых нейробиологов Терри Сеновски (профессор американского Института биологических исследований Солка. — РБК). Все это, взятое вместе, дает прекрасный опыт обучения, так как курс нравится обучающим, он имеет практическую и полезную направленность содержания, забавный и захватывает внимание всех участников учебного процесса. В-третьих, успех курса связан еще и с тем, что сегодня важнее не просто обладать эрудицией, а уметь приобретать новые знания. Для тех, кто учится, действительно полезно знать, как учиться и делать это лучше всего (1).

Связь онлайн обучения с основами нейробиологии закономерна, так как заглянуть внутрь мозга и понять как он работает, человечество смогло только в последние лет десять, на рубеже 21 столетия. Было известно, что человеку нужно высыпаться, чтобы лучше учиться. И основы феномена сна, взаимосвязи сна и результативности обучения заключаются в следующих основаниях:

Сон помогает создавать и усиливать связи между нейронами, а это физическая основа личностной памяти.

Если обучающийся поспал два-три часа перед важным экзаменом, то он просто не помнит, что учил накануне, потому что связи между нейронами слишком слабы.

Это та только небольшая частица научной информации о феномене взаимосвязи сна и обучения, которая у нас есть о структурно-функциональной единице нервной системы, которой является нервная клетка, или нейрон, или нейротит (2, стр.32-35). Раньше исследователи обо всем этом просто не знали .

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

Качественное университетское образование и действительно хорошее образование в настоящее время дают очень дорогие учебные заведения. Для большинства студентов они просто недоступны, например, в США совокупный долг выпускников за образовательные услуги превышает все долги по кредитным картам (\$1,56 трлн против \$1,03 трлн. — РБК, цифры эти просто шокируют.). У университетов нет особой потребности экономить. Наоборот, есть стимулы увеличить число сотрудников на факультетах, попросить у государства деньги на новое оборудование. Если бы университеты занимались бизнесом, они бы просто разорились: если попусту тратить деньги, университеты будут неконкурентоспособны. Но к высшему образованию это не относится. Оно крайне неэффективно, считает Б.Окли.

Онлайн-обучение поможет выровнять игровое поле». Если учебные курсы высокого качества будут доступны онлайн, это повысит уровень подготовки обучающихся. Например, у Технологического института Джорджии есть онлайн-курс, по результатам которого дается степень магистра. Обучение на этом курсе стоит примерно \$7 тыс. Курс такого же уровня, если его проходить в обычном университете, обойдется в \$40 тыс. Исследования показали, что знания студенты получают одинаковые. Когда традиционные университеты начнут жестко конкурировать с онлайн-курсами, которые экономят кучу денег за счет эффекта масштаба, университетам придется снизить цены за обучение (1).

Таким образом, образовательная система высшей профессиональной школы, различные системы повышения квалификации и переподготовки кадров и др. имеют мериллом досижения своей цели результат, который заключен в модели личности выпускника, а не в безличных новообразованиях типа технологий обучения, методик воспитания и т.д. Онлайн образование, привлекая к подготовке онлайн курса ведущих мировых нейропсихологов, опираясь на исследования нейронауки и высшей деятельности мозга, способствует более эффективному уровню образованности студентов. Если учебные курсы высокого качества будут доступны онлайн, это повысит уровень подготовки обучающихся. Онлайн успешно учатся студенты с высокой мотивацией, которые имеют потребность в освоении профессии на высоком уровне, ориентированы на получение прочных профессиональных знаний и практических умений. Для общества необходимо сочетать два подхода онлайн обучение и традиционное обучение лицом к лицу в обычных университетах.

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ЛИТЕРАТУРЫ:**

1. <https://trends.rbc.ru/trends/education/5dd26f5a9a79476f60815ced>
2. Структурно-функциональная организация нервно-психической деятельности. В книге Психология. Отв.ред. доктор психолог.н. проф. Заслуж. деятель РФ Крылов А.А.-М.: Проспект, 1998.-стр.32-35,563-564.

**PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF ONLINE EDUCATION**

*Educational systems are all those social institutions whose main goal is human education. Thus, primary and secondary schools, colleges, higher vocational schools, various systems of professional development and retraining of personnel belong to educational systems.*

*Keywords: online education, science, system.*

**Г.Ж. ШАМШИНОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: galiashamshinova@yandex.ru*

**ғылыми жетекші – Б.К. РАХИМБЕКОВА**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.к., доцент м.а.  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com*

**«ТҮСТІ ТӨҢКЕРІСТЕР» ЖАҒАНДЫҚ САЯСИ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ:  
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада «түсті төңкерістердің» саяси технология ретінде талдау жүзеге асырылды. Грузия, Украина және Қырғызстан сынды посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерде орын алған «түсті төңкерістердің» тәжірибесі негізінде оны жүзеге асырудың негізгі кезеңдері, механизмдері мен тетіктеріне шолу жасалынды. «Түсті төңкерістер» барысында халықаралық үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, жастар мен әлеуметтік желілердің ықпалы туралы сөз қозғалды.*

*Кілт сөздер: түсті төңкерістер, саяси технологиялар, жұмсақ күш, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары.*

XXI ғасырдың басындағы саяси сахна посткеңестік кеңістіктегі бірқатар мемлекеттерінде орын алған «түсті төңкерістермен» ерекшеленді деп айтсақ болады. Саясаттану ғылымында «түсті төңкерістерді» дәстүрлі түсініктегі төңкерістерден окшаулайтын бірден-бір ерекшелігі оның мақсатында жатыр. Бірқатар зерттеушілерге сүйенетін болсақ, «түсті төңкерістердің» негізгі мақсаты – күштік технологияларды емес, тиімді «жұмсақ күш» саясатын қолдану нәтижесінде мемлекеттік құрылымды трансформациялау, саяси элиталардың өзгеруі болып табылады.

Түсті революциялардың идеологы ретінде әйгілі американдық саяси технолог Джин Шарп саналады. 1993 жылы оның «Диктатурадан демократияға» атты еңбегі жарық көрді. Д.Шарп өзінің кітабында қазіргі саяси жүйені қалай өзгертуге болатынын егжей-тегжейлі сипаттайды және саяси режимді өзгерту үшін 198 нақты ұсыныс береді. Кітапта «түсті төңкерістер» термині тікелей қолданылмаса да, американдық саясаттанушының пікірі бойынша түсті революцияларды – зорлық-зомбылықсыз сипаттағы және өз мүдделері үшін әрекет ететін, басқа елдердің көмегімен жүзеге асырылатын мемлекеттік төңкерістер ретінде түсінуге болады. Күрестің негізгі күштері елдің ішінен әрекет етуі керек. Зерттеушінің еңбегінде келесідей ұсыныстарды кездестіруге болады: «Диктатураны гуманитарлық, адамгершілік және діни негіздерде айыптай отырып, әлемдік қоғамдық пікірді күшпен жұмылдыруға болады. Мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың диктатураға қарсы дипломатиялық, саяси және экономикалық санкциялар қолдануын қамтамасыз етуге болады» [1].

Сонымен қатар, саяси технолог Д.Шарп кейбір елдердегі режимді өзгерту үшін ең тиімді қарулы көтеріліс емес, «зорлық-зомбылықсыз» күрес әдістері деп санайды. «Зорлық-зомбылықсыз» қарсылық көрсету тұжырымдамасының негізгі мақсаты – жаппай жәбірленушілерсіз жүзеге асырылатын қансыз төңкеріс болуы керек. Саяси режимді өзгертудің күштік емес әдісі нақты ұйымдастырылуы керек, ұзақ мерзімді стратегиялық жоспары болуы абзал, сонымен қатар оның қатысушылары қолданыстағы саяси билікті мойындаудан бас тартуы керек [2].

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

«Түсті төңкерістер» сценарийі бойынша ішкі саяси дағдарыстардың дамуын талдау оларды жүзеге асыру элементтерін құруда белгілі бір заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Грузияда, Украинада және Қырғызстанда болған оқиғалар бірдей кезеңділікті, сондай-ақ саяси төңкеріс жүзеге асырылатын тетіктер жиынтығын көрсетеді.

«Түсті төңкерістерді» жүзеге асырудың негізгі кезеңдері ретінде келесілерді көрсетуге болады.

1. Бірінші кезең. Қоғамдық-саяси жағдайды қасақана ұсықтыру.

Бұл кезең сыртқы қысымның біртіндеп жоғарылауымен және оппозицияның белсенділігімен сипатталады (біріктіру тұрғысынан). Мұнда әсер етудің негізгі әдістері – манипуляцияның саяси тетіктері, негізінен биліктің кешенді беделін түсіру және билеуші элитаның шиеленісті саяси-әлеуметтік жағдайын және теріс имиджін құру мақсатында мемлекетшілік жағдайды қалыптастыру болып табылады.

2. Екінші кезең. Ішкі жағдайды шегіне дейін итермелеу.

Деструктивті күштердің билік пен қоғамға қысымының күшеюі парламенттік немесе президенттік сайлау жақындаған кезде биліктің көрінетін диффузиясы мен оны әлеуметтік қолдаудың күшеюімен көріне бастайды.

Осы кезеңде қолданылатын әсердің негізгі әдісі – қоғамдық сананы психологиялық манипуляциялауға баса назар аудару. Негізгі, жалпыға бірдей танылуы керек хабарлама – биліктің тиімді жұмыс істей алмауы туралы тезис. Ішкі саяси жағдайды шекті деңгейге дейін жеткізудің «шоғырланған» мәжбүрлеудің негізгі нүктесі ретінде сайлау процесі саналуы керек.

3. Үшінші кезең. Тікелей «революциялық» серпіліс.

Бұл кезең Грузия, Украина және Қырғызстандағы оқиғалар көрсеткендей, дауыс беру қорытындысы шыққаннан кейін бірден болатын бетбұрыс кезең болып табылады. Қалыптасқан әлеуметтік-саяси алғышарттар мен сыртқы қысымды қолдана отырып, оппозиция, ең алдымен, бұқараны манипуляциялау арқылы жағдайдың тікелей хаотизациясы мен стихиялылығына кіріседі.

«Қарсы элитаның» басты мақсаты – биліктің беделін түсіру; оппозиция мұны бірінші кезекте өткен сайлаудағы бұрмаланулардың көптеген фактілерімен, биліктің тағы бір алдауы ретінде белсенді түрде ұсынумен растайды.

Жалпы, осы кезеңде оппозицияның қызметі өте белсенді, ол келесі негізгі әрекеттермен бірге жүреді:

- сайлау нәтижелеріне наразылық білдіру: тәуелсіз және халықаралық ұйымдардың деректеріне сүйене отырып, оппозиция алаяқтық туралы мәлімдейді;
- тұрақты саяси қысым және психологиялық қысым;
- оппозиция қысқа мерзімде айтарлықтай адам ресурстарын тартады;
- оппозиция дауыс беру қорытындыларын қайта қарау талаптарын қамтитын ұрандармен өтетін митингілерді ұйымдастырады;
- мемлекеттік мекемелер мен стратегиялық объектілер бұғатталады;
- оппозициялық БАҚ ақпараттық қолдау көрсетеді [3].

«Түсті төңкерістерді» жүзеге асырудың элементтері мен тетіктерін шартты түрде өзара байланысты тұжырымдамалық кешенге топтастыру керек. «Революциялық» технологияларды іске асырудың тетіктері мен құралдары бір-бірімен тығыз байланысты және синхрондалғанын ескеру қажет, бұл оларды біртұтас қабылдау қажеттілігін білдіреді.

Жоғарыда аталып өткендей, «түсті төңкерістердің» басты мақсаты елдегі саяси элитаның өзгеруі, қолданыстағы саяси режимді қайта құру болып табылады. Осы мақсатта жастар ортасында және студенттік ұйымдар арасында жұмыс жүзеге асырылады, осылайша болашақ қарсыласу әлеуеті жинақталады.

Соңғы жылдары жастар саясаттан тыс деген стереотип өзінің күшін жоғалтуда. Енді саясаттандырудың арттырылуы және жастардың саясатқа қатысуының күрт өсуі сынды екі жаңа тенденцияның пайда болғанын байқай аламыз. Грузия, Украина және Қырғызстандағы «түсті төңкерістерде» сайлауда пассивті болған жастардың саяси процестерге елеулі әсер ететін жаппай акциялардың белсенді қатысушысы бола алатындығына көзіміз жетті. Жастар үшін әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар саяси салада өзін көрсетуге себеп болды. Жастардың саясаттануының өсуін оппозиция, халықаралық ҰЕҰ және қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстар пайдалануға тырысады. Жастарға әсер ету үшін күрес күрт күшейе түсті.

Әлеуметтанулық зерттеулер жастардың саясаттану дәрежесі электорат бойынша орташа деңгейінен төмен болып қала беретінін көрсетеді. Радикалды бағыттағы саясаттандырылған құрылымдардың студенттікке деген ұмтылыстары туралы айта отырып, көбінесе олардың әсерінен жастар өздерінің мүдделерін қорғау үшін наразылық білдірудің радикалды түрлерін қолдану қажеттілігі туралы пікір қалыптастыратынын атап өткен жөн [4].

«Түсті төңкерістердің» маңызды элементтердің бірі ретінде процесті басқаратын сыртқы фактор аталады. Әйгілі американдық саясаттанушы Ф.Фукуяма өзінің «Қиылыстағы Америка» атты еңбегінде келесідей ой қалдырды: «Осы жағдайлардың әрқайсысында сыртқы қолдау шешуші фактор болды. Жедел жұмылдыруға болатын халықаралық бақылаушылардың күрделі желісі болмаған жағдайда сайлау нәтижелерінің бұрмалануын көрсету мүмкін болмас еді. Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз бұқараны жұмылдыру мүмкін болмас еді және бұл ақпараттық органдар сырттан айтарлықтай қолдау алды».

Кейбір зерттеушілердің бақылауы бойынша, «түсті төңкерістер» коммуникативті сипатта болды, оқиғалардың көпшілігі ақпараттық кеңістікте болды, содан кейін шындықта көрініс тапты, сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары оппозиционерлер үшін негізгі құрал ретінде қызмет атқарды. Посткеңестік кеңістіктегі көптеген ҰЕҰ-да өзінің баспа немесе электронды бұқаралық ақпарат құралдары, мерзімді басылымдардың ақпараттық қолдауы болды.

Ресейлік саясаттанушылардың еңбектерінде «түсті төңкерістерді» өткізуде ҰЕҰ маңызды рөл атқарды, оларға батыс елдері демеушілік жасады, яғни олар осы оқиғалардың тікелей орындаушылары мен қатысушылары болды деген пікірді кездестіруге болады. Саяси элиталарды ауыстыру операциялары басталар алдында жергілікті қоғамдық ұйымдар халықаралық ҰЕҰ-мен бірлесіп, демеушілік қолдауымен және шетелдік гранттардың көмегімен либерализм идеяларын насихаттаумен дәйекті және табанды түрде айналысты. Бейресми деректер бойынша олар оппозициялық күштер мен бұқаралық ақпарат құралдарына қаржы ресурстарын бөлу жұмыстарын жүзеге асырды; адамдарды билікке бейбіт қарсылық пен митингілерді бақылауға үйретті; бақылаушыларды даярлауды жүзеге асырды, кандидаттар мен олардың сенімді адамдарына кеңес берді, жергілікті және халықаралық бақылаушылармен байланыс орнатты; оппозицияға тиімді әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерін БАҚ-та жариялады. Осылайша, саяси, коммуникациялық және ақпараттық технологиялардың соңғы әзірлемелерін өте тиімді қолдана отырып, бұл желілік құрылымдар жастар мен студенттердің бүлікшіл темпераментін күшейтті [5]. Интернет технологиясы мен әлеуметтік медиалардың дамуы наразылық білдірушілердің тактикалық арсеналын едәуір кеңейтті және режим қарсыластарын жұмылдыру процесі мен оппозиция күштері арасындағы байланыс жүйесін жеңілдетті.

Қорытындылай келе, Грузия, Украина және Қырғызстан сынды посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерде орын алған «түсті төңкерістердің» тәжірибесіне сүйене отырып, біз «түсті төңкерістердің» жүзеге асырылуында белгілі-бір заңдылықтарды

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

байқай аламыз. Түрлі сценарийлер барысында негізгі кезеңдерінің ұқсастықтары «түсті төңкерістерді» іске асырудың тетіктерін айқындауға мүмкіндік береді. Түсті революциялардың идеологы, американдық саяси технолог Джин Шарптың «Диктатурадан демократияға» атты еңбегінде аталып өткен 198 әдістен басқа, ақпараттық және коммуникативті технологиялардың дамуы аясында наразылық білдірушілерді жұмылдыру мен бағыттаудың жаңа механизмдеріне кез болдык.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Шарп Д. От диктатуры к демократии / Шарп Д. – Мәскеу: Новое издательство, 2005. – 82 б.
2. Мұрат А.М. Технологии цветных революций. International journal of information and communication technologies, 2020 - №4. – с. 244-249.
3. Тастенов А. Феномен «цветных революций»: от классической теории к непредсказуемой практике. Центральная Азия и Кавказ, 2007. - №1. – с. 37-53.
4. Тулеев М. Молодежь в «цветных революциях». Мысль, 2017. - №4. – с. 53-60.
5. Есеркемисова Б.А. Роль неправительственных организаций в «цветных революциях». Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы, 2020. - №1. – б. 85-91.

**“COLOR REVOLUTIONS” AS A GLOBAL POLITICAL TECHNOLOGY:  
IMPLEMENTATION MECHANISMS AND ITS FEATURES**

*This article carried out an analysis of “color revolutions” as a political technology. Based on the experience of the “color revolutions” that took place in such post-Soviet states as Georgia, Ukraine and Kyrgyzstan, an overview of the main stages, mechanisms and mechanisms for its implementation was made. The influence of international non-governmental organizations, mass media, youth and social networks during the “color revolutions” was discussed.*

*Key words: color revolutions, political technologies, soft power, non-governmental organizations, mass media.*

**Г.Т.ЫСҚАҚ**

*Тұран университеті, докторант  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
e-mail: marchin.2@mail.ru*

**ӨМІР САПАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Өмір сапасы категориясы адамның өмір сүру жағдайларын, сондай-ақ даму деңгейі мен адамдардың жоғары дамыған қажеттіліктері мен мүдделерінің кешенін қанағаттандыру дәрежесін көрсетеді. Өмір сапасы объективті және субъективті компоненттерді қамтиды, қазіргі уақытта субъективтіліктің маңыздылығы айтарлықтай өсті. Тұлғаның субъективті әл-ауқаты және оның психологиялық денсаулығы маңызды ресурс болып табылады.*

*Кілт сөздер: психикалық денсаулық, өмір сапасы, тұлға, әлеуметтену, денсаулық, құндылықтар жүйесі, өмір салты, психологиялық денсаулық.*

Алғаш рет «өмір сапасы» ұғымын ғылыми айналымға Джон Гилберт пен Форрестер ХХ ғасырдың 60-жылдарында өнеркәсіптік динамика траекториясын модельдеу әрекетіне байланысты енгізді. Осы уақытқа дейін өмір сапасы терминімен қандай құбылыстарды белгілеу керектігін түсінуде бірауыздылық жоқ және бұл мәселе әлі де пікірталасқа ие болып қала береді. Бір жағынан, адам мен қоғам өмірінің барлық процестерін қамтитын осы категорияның кеңейтілген

**THE EDUCATED GENERATION IS THE STATE STABLE DEVELOPMENT GUARANTOR**



түсіндірмелері бар. Екінші жағынан, адамдардың өмірін қамтамасыз ету процестерінің тар бөлігі ғана өмір сапасының көрсеткіштеріне енгізіледі. Көбінесе өмір сапасы категориясына жақын терминология өте жиі қолданылады: өмір сүру деңгейі, өмір салты, өмір сүру стандарты, және т. б.

В.Н.Бобковтың пікірінше өмір сапасы адамдардың жоғары дамыған қажеттіліктері мен мүдделері кешенінің даму деңгейі мен қанағаттану дәрежесі ретінде түсіндірілуі керек. Оның пікірінше, мұндай қысқаша анықтама әдебиеттегі көптеген ұғымдарға қайшы келмейді, өйткені бақыт, бостандық, теңдік, адамдардың мүмкіндіктері, қабілеттері және т.б.-мұның бәрі адамдардың қажеттіліктері мен мүдделері. Ол өмір сапасын әлеуметтік-экономикалық категория ретінде қарастырады және оның келесі ерекшеліктерін атап өтеді. Біріншіден, өмір сапасы «өмір деңгейіне» қарағанда өте кең, көп қырлы ұғым, салыстырмалы түрде кең түсінік. Екіншіден, өмір сапасының екі жағы бар: объективті және субъективті. Өмір сапасының объективті компоненттері: өмір сүру деңгейі, жұмыспен қамту деңгейі, қызмет көрсету саласын дамыту, әлеуметтік қамсыздандыру және кепілдіктер; субъективті-адамның эмоционалды қатынасын, өмірінің әртүрлі салаларына қанағаттану дәрежесін көрсетеді: жұмысқа қанағаттану, өмір сүру жағдайлары, жайлылық сезімі, тұрақтылық және болашаққа деген сенімділік. Тар мағынада өмір сапасының категориясы тек сапалық сипаттамаларды көрсетеді (өмір деңгейіне қарсы). Өмір сапасы саласындағы танымал зерттеушілер Б. В. Бойцов, Ю. В. Крянев, М. А. Кузнецов өмір сапасының жүйелік тәсілдің парадигмасы негізінде келесі құрылымын ұсынады. Бұл тәсіл өмір сапасы мәселесін өзара байланысты төрт жазықтықта қарастырады: халықтың денсаулығы; білім сапасы; табиғи ортаның сапасы; руханилық.

Адам үшін әл-ауқаттың белгілі бір деңгейі ғана емес, сонымен бірге рухани бағдарланған өмір де маңызды. Егер материалдық өсуге әл-ауқатқа жеке тұлғаның физикалық және психикалық денсаулығын жоғалту, оның рухани-адамгершілік деформациясы арқылы қол жеткізер болсақ онда қоғамның дамуына бағдарлану өмір сапасына қайшы келеді. «Өмір сапасы» категориясының әртүрлі түсіндірмелерін талдауды одан әрі жалғастыруға болады. Жалпы алғанда, зерттеушілердің көпшілігі, сайып келгенде, белгілі бір контексте, өмір сапасы деп әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайтын, адам өмірін қамтамасыз ететін жағдайлардың жиынтығы ретіндегі белгілі бір кешенді сипаттама деп түсіндіріледі. Адам үшін байлықтың белгілі бір деңгейі ғана емес, сонымен бірге рухани бағдарланған өмір де маңызды. Егер материалдық әл-ауқаттың өсуіне экологиялық жағдайдың нашарлауы және халықтың денсаулығының жоғалуы арқылы қол жеткізілсе, онда қоғамның дамуына мұндай бағдарлану өмір сапасына қайшы келеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, өмір сапасын өлшеу екі жолмен жүзеге асырылды: объективті өмір сүру жағдайларын өлшеу және өмірдің субъективті бағаларын өлшеу. Бұл тек экономикалық әл-ауқат туралы ғана емес екенін түсіну маңызды [1, 109б].

Адамдардың негізгі қажеттіліктері қанағаттандырылған кезде, көптеген адамдар үшін еңбек мотивациясы жоғалады және әр түрлі әлеуметтік топтардың және әр адамның қажеттіліктерін, олардың әл-ауқатқа жету үшін қанағаттану дәрежесін бағалау құралын әзірлеу қажет болады. 1954 жылы А. Маслоу «Мотивация және тұлға» еңбегінде адамның базалық физиологиялық қажеттіліктерден, содан кейін қауіпсіздік пен қорғаныштық, әлеуметтік топқа жату, құрмет пен тану және пирамиданың жоғарғы жағында-өзін-өзі тану, өз қабілеттерін барынша ашу қажеттілігі туындайтын қажеттіліктердің иерархиялық теориясын негіздері бар пирамида түрінде тұжырымдады. Болашақта бұл теория толығымен негізделген сынға ұшырағанына қарамастан және А. Маслоудың өзі өзінің соңғы еңбектерінде («Адам табиғатының алыс шектері», 1971) көп сатылы қажеттілік

**БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ**

пирамидасынан бас тартты, бірақ ондаған жылдардан кейін «өмір сапасы» ұғымына енген адамның негізгі қажеттіліктерін талдау идеясы оған тиесілі. Айта кету керек, А.Маслоу негізгі қажеттіліктерді денсаулық және аурумен байланыстырады: сипаттама негізгі болып саналады, егер оның болмауы ауруға әкелсе, оның болуы аурудың алдын алады, қалпына келтіреді-емдейді.

XX ғасырдың маңызды оқиғасы адамның қажеттіліктерін нақты қанағаттандыру және оның әл-ауқатына қол жеткізу мақсатында қазіргі қоғам өмірінің физикалық, психологиялық, әлеуметтік және рухани компоненттерін қанағаттандыру дәрежесін бағалау критерийі ретінде өмір сапасы тұжырымдамасын әзірлеген американдық және батыс еуропалық әлеуметтанудағы жаңа бағыттың пайда болуы болды. Адам өмірі адамзат қоғамының ең жоғары құндылығы болып саналады [2, 32].

Әскери денсаулық сақтауды дамытудың қазіргі кезеңі дені сау әскери қызметшіге қамқорлық жасау қажеттілігін бірінші орынға қояды, бұл әскери мамандардың кәсіби қызметін медициналық-психологиялық сүйемелдеу, денсаулық сараптамасынан денсаулықты сақтауға баса назар аудару. Туындайтын міндеттердің ықтимал шешімі медициналық қамтамасыз етуге өмір сапасы тұжырымдамасының қағидаттарына негізделген тәсілді енгізу болып табылады. Өмір сапасын зерттеудің үлкен тәжірибесі бұл медицинаның барлық салалары үшін, соның ішінде алдын-алу әдістер үшін өте перспективалы әдіс екенін көрсетеді. Өмір сапасын кешенді бағалауды синтездеу кезінде туындайтын негізгі проблемалардың бірі бастапқы көрсеткіштерді қалыптастыру мәселесі болып табылады, өйткені пайдаланылған көрсеткіштер номенклатурасында сандық және сандық емес сипаттамалар бар. Сандық көрсеткіштер тікелей бақылау және өлшеу арқылы анықталады (бойы, дене салмағы, қан қысымының мөлшері және т.б.). Сандық емес көрсеткіштерді бағалау (өмір салты көрсеткіштері, жағдайдың бұзылуының пайда болуына генетикалық бейімділік және т.б.) кейбір субъективті пайымдауларды қажет етеді.

Қарулы Күштердің беделін және әскери қызметтің тартымдылығын арттыруға бағытталған шаралар тізбегінде әскери қызметшілердің өмір сүру сапасын жақсарту, әрине, негізгі факторлардың бірі болып табылады. Өмірдің лайықты сапасын қамтамасыз ету үшін соңғы жылдары мыналарды қамтитын шаралар кешені іске асырылды: ақшалай үлесті арттыру, оның ішінде қосымша төлемдерді, әскери қызметшіге қатысты тұрғын үй бойынша әлеуметтік міндеттемелер орындалуда, әскери қызметшілердің жалпы аурушандығын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін медициналық қамтамасыз ету сапасы жақсарды. Халықтың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі-демалыс. Әскери қызметшілердің ұйымдастырылған демалысы медициналық жүйеде емдеу-алдын алу іс-шарасымен қамтамасыз ету. Өмір сапасын адамдардың өмірлік стратегияларын іске асыру дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі ретінде қарастыра отырып, олардың өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік сияқты көрсеткішті елемеуге болмайды. Әскери ведомствоның өскелең ұрпаққа деген қамқорлығы-бұл әскери қызметтің-бұл адамның өмірдегі ең жақсы таңдауы деген идеясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін фактор [3].

Өмір сапасна берілген анықтамалардың жеті түрі бар:

бірінші түрі-жалпы қоғам деңгейінде өмір сүрудің объективті шарттары;

екінші түрі-жалпы қоғам деңгейінде өмір сүру жағдайларын субъективті бағалау;

үшінші түрі-адамның өмір сүруінің объективті шарттары;

төртінші түрі-адамның өмір сүру жағдайларын субъективті бағалау;

бесінші түрі-өмір сүрудің объективті шарттары және оларды қоғам деңгейінде бағалау;

алтыншы түрі-өмір сүрудің объективті шарттары және оларды жеке адам деңгейінде бағалау;

жетінші түрі-өмір сүрудің объективті шарттары және оларды қоғам мен жеке адам деңгейінде бағалау.

Өмір сапасының әр түрлі анықтамаларын қолдану олардың қоғам деңгейінен жеке адамға және өмір сүрудің объективті жағдайларынан өмір сүру жағдайларын субъективті бағалауға дейін пайда болған эволюциясын көрсетеді.

Жақсы өмір сүру жағдайындағы адамдардың өмірге деген қанағаттанарлық сезімі бар деген болжам айқын көрінеді, дегенмен өмір сүру жағдайлары мен субъективті өзін-өзі сезіну арасында әлсіз байланыс бар екені де рас. Бұл келесі жағдайларға байланысты: көптеген адамдар психологиялық тұрғыдан өздерінің өмір сүру жағдайларын өмір сүру деңгейі жоғары адамдардың өмір сүру жағдайларымен салыстыруға бейім (өмір сүру жағдайларын жақсартуға бейсаналық ұмтылыс); әлеуметтік ортаның әсерінен адамдардың көпшілігі қанағаттанбау сезімін басуға бейім; күту мен мақсаттар әдетте өмір жағдайларымен айтарлықтай реттеледі; қанағаттанбаудың көрінісі белгілі бір дәрежеде өмірлік тәжірибеге тәуелді емес; қолайлы жағдайларда өмір сүру жаңа бағалау стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді және қанағаттанбауды білдіру үшін қолайлы. Осы факторлардың барлығы өмір сүру жағдайлары мен оларды бағалау арасындағы өзара әсерді әлсіретеді. Бұл факторлардың жиынтығы парадоксалды жағдайға әкелуі мүмкін жақсы жағдайларда өмір сүру сапасын теріс субъективті бағалаумен және, керісінше, нашар жағдайлармен-оң бағалаумен біріктіріледі [1,113б].

